

№12(30) 2025

# Шнабат

ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛЫ  
НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ



БАЛАЛАР МЕН ОЛАРДЫҢ МҮДДЕЛЕРІ ҮШІН / ВО ИМЯ И В ИНТЕРЕСАХ ДЕТЕЙ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ  
БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ КОМИТЕТІ

МИНИСТЕРСТВО ПРОСВЕЩЕНИЯ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
КОМИТЕТ ПО ОХРАНЕ ПРАВ ДЕТЕЙ



**ҚЫМБАТТЫ ДОС!  
СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ АРҚЫЛЫ  
КӨМЕКТЕСУ ҚҰПИЯ ЖӘНЕ ТЕГІН!**

**ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАНДАР!**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің қолдауымен Telegram мессенджерінде 2019 жылдан бастап кәмелетке толмағандарға қатысты құқықтардың бұзылуын, зорлық-зомбылықты немесе қатыгез қарым-қатынасты анықтау мақсатында құрылған «Bala Qorgau» чаты жұмыс істейді.

Өтініштерге жедел жауап беру мақсатында **24/7 режимінде BalaQorgaubot2.0** телеграмм-боты **іске қосылды.**



**ДОРОГОЙ ДРУГ!  
ПОМОЩЬ ПО ТЕЛЕФОНУ ДОВЕРИЯ  
АНОНИМНА И БЕСПЛАТНА!**

**УВАЖАЕМЫЕ ЧИТАТЕЛИ!**

При поддержке Комитета по охране прав детей Министерства просвещения Республики Казахстан в мессенджере Telegram с 2019 г. функционирует чат «BalaQorgau», который создан с целью выявления нарушения прав, насилия или жестокого обращения в отношении несовершеннолетних.

Для оперативного реагирования на обращения **в режиме 24/7 работает** телеграмм-бот **BalaQorgauBot2.0.**

БАЛАЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ МЕН АМАНДЫҒЫ  
БІЗДІҢ ҚОЛЫМЫЗДА!

**ЖАЙ ҒАНА ТЕЛЕФОНҒА ҚОҢЫРАУ ШАЛЫҢЫЗ,  
СІЗГЕ КӨМЕКТЕСЕДІ!**

БЕЗОПАСНОСТЬ И БЛАГОПОЛУЧИЕ  
ДЕТЕЙ В НАШИХ РУКАХ!

**ПРОСТО ПОЗВОНИ  
ПО ТЕЛЕФОНУ, И ТЕБЕ ПОМОГУТ!**

**АСТАНА Қ. КОДЫ / КОД Г. АСТАНЫ +7(7172)**

**74 25 28**

### **ҚЫМБАТТЫ ОҚЫРМАНДАР!**

Желтоқсан – жылдың соңғы парағы ғана емес, тұтас бір кезеңнің қорытындысы, жаңа жылдың бастауы. Бұл – бір жыл бойы атқарылған істерге көз жүгіртіп, жеткен жетістіктер мен жіберілген кемшіліктерді саралайтын, ішкі есептің уақыты. Өткенге көз жүгіртіп, болашаққа бағыт түзейтін, жүрек пен санаға терең ой салатын ай.

Аспан мен жер арасын жалғаған ақ қардың астында әлем баяу тыныстап, әрбір жан өз ішкі әлеміне көз тігеді. Бұл табиғаттың да, адамның да үнсіз тілдесетін, сыр бөлісетін, терең мағынаға толы мезгілі. Желтоқсан – ақ парақтай таза, жаңа ойларға толы. Бұл өткенге алғыс айтып, болашаққа сеніммен қарайтын уақыт. Адамдар бір-біріне жылы сөз арнап, жүрек жылуын бөлісіп, жаңа жылға үмітпен қадам базады.

Осылайша, желтоқсан – тек табиғаттың мезгілі емес, жанның, жүректің, рухтың мезгілі.

Желтоқсан – халқымыз үшін тарихи мәнге ие. 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі еркіндік пен әділет жолындағы күрестің көрінісі.

1991 жылы дәл осы айда Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін жариялап, жаңа тарихтың беті ашылды. Бұл – ата-бабамыздың ғасырлар бойы аңсаған арманының орындалған күн. Азаттықтың ақ таңы атқан, елдің еңсесі көтерілген, рух пен намыстың жеңіске жеткен тарихи сәт. Тәуелсіздік – ата-бабамыздың ғасырлар бойы аңсаған арманы, бүгінгі ұрпақтың мақтанышы, келешектің аманаты. Тек мемлекеттің дербестігі емес, бұл әрбір азаматтың еркін ойы, тілі мен ділі, болмысы мен сенімі.

Желтоқсан айының соңы – өткен жылдың қорытындысы ғана емес, жаңа жылдың жарқын бастауы. 31 желтоқсан – ескі жылмен қоштасып, жаңа жылға қадам басатын мерекелі күн.

Жаңа жыл – үміт пен сенімнің, жаңару мен жақсылықтың бастауы. Бұл – әр жүрекке қуаныш сыйлайтын, әр отбасыға шаттық әкелетін ерекше мереке. Өткен жылда орын алған сәттерге ризашылық білдіріп, жаңа жылға үлкен үмітпен қадам басатын ай.

Келер жыл сіздерге мол табыс, мықты денсаулық, баянды бақыт, отбасыңызға тыныштық пен береке әкелсін!

### **ДОРОГИЕ ЧИТАТЕЛИ!**

Декабрь – это не просто последняя страница календаря, а итог целого этапа, пролетевшего года. Это время подведения итогов, осмысления достигнутого и анализа упущенного. Это месяц, когда мы оглядываемся назад, чтобы наметить путь в будущее, когда сердце и разум наполняются глубокими размышлениями.

Под белым снежным покрывалом, соединяющим небо и землю, мир замирает, и каждый человек обращается к своему внутреннему миру. Это время молчаливого диалога природы и человека, наполненное смыслом и тишиной. Декабрь, как чистый лист, готовый принять новые мысли, слова и поступки. Это момент благодарности за прошлое и уверенного взгляда в будущее. Люди делятся теплыми словами, согревают друг друга душевным теплом и с надеждой делают шаг в новый год.

Таким образом, декабрь – это не только время года, но и время души, сердца и духа.

Для нашего народа декабрь имеет особое историческое значение. Декабрьские события 1986 года – яркое проявление борьбы за свободу и справедливость. Это момент пробуждения национального духа, открывший путь к независимости. А в декабре 1991 года Республика Казахстан официально провозгласила свою независимость, начав новую страницу истории. Это день, когда сбылась вековая мечта наших предков. Это рассвет свободы, момент, когда поднялась голова нации, когда победили дух и честь. Независимость – это не только государственный суверенитет, но и свободная мысль каждого гражданина, его язык, вера, сущность и убеждения.

Конец декабря – это не только завершение уходящего года, но и светлое начало нового. 31 декабря – праздничный день прощания со старым годом и вступления в новый.

Новый год – это начало надежды и веры, обновления и добра. Это особенный праздник, приносящий радость в каждое сердце и счастье в каждый дом. Это время благодарности за прошедшие события и надежды на лучшее в грядущем году.



Әрбір атқан таң қуанышпен қарсы алынып, әрбір кеш бейбіт тыныштықпен аяқталсын. Жаңа жылда жүректеріңіз махаббат пен мейірімге, көңілдеріңіз шаттық пен шабытқа толсын. Ізгі ниет пен игі істер жолдасыңыз болсын!

Жаңа жыл – тек күнтізбедегі жаңа бет емес, бұл – жаңа мүмкіндіктердің, жаңа идеялардың, жаңа жетістіктердің бастауы. Әрбір азаматтың өмірінде жарқын сәттер мен қуанышты жаңалықтар көбейіп, елімізде тыныштық пен тұрақтылық орнасын. Бірлік пен татулық, сыйластық пен сенім – қоғамымыздың басты құндылықтары бола берсін.

**Жаңа жыл құтты болсын!**

Армандар орындалып,  
тілектер қабыл болсын!  
Жаңа жыл – жаңа жетістіктер мен биік  
белестердің жылы болғай!

Пусть наступающий год принесет вам большие успехи, крепкое здоровье, прочное счастье, мир и благополучие в ваши семьи! Пусть каждое утро встречает вас с радостью, а каждый вечер завершается в спокойствии. Пусть ваши сердца будут наполнены любовью и добротой, а души – вдохновением и радостью. Пусть добрые намерения и благие дела сопровождают вас на каждом шагу!

Новый год – это не просто новая страница в календаре, это начало новых возможностей, идей и достижений. Пусть в жизни каждого человека будет больше светлых моментов и радостных новостей, а в нашей стране царят мир и стабильность. Единство и согласие, уважение и доверие пусть остаются главными ценностями нашего общества.

**С Новым годом!**

Пусть сбудется мечты,  
исполнятся желания!  
Пусть Новый год станет годом новых  
достижений и великих свершений!



# МАЗМҰНЫ

# СОДЕРЖАНИЕ

ОҚЫРМАНДАРҒА / К ЧИТАТЕЛЯМ

3

## КҮН ТАҚЫРЫПТАРЫ / ТЕМЫ ДНЯ

МЕКТЕП – БОЛАШАҚТЫҢ КІЛТІ  
ШКОЛА – КЛЮЧ К БУДУЩЕМУ

7

**ӨЗГЕРІСТЕР ДӘУІРІ  
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ  
ЖҮЙЕСІНІҢ ДАМУЫ 2025 ЖЫЛ**

**ЭПОХА ПЕРЕМЕН  
РАЗВИТИЕ СИСТЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ  
В КАЗАХСТАНЕ 2025 ГОД**

ҮНСІЗДІК МӘСЕЛЕНІ ШЕШПЕЙДІ  
МОЛЧАНИЕ НЕ РЕШАЕТ ПРОБЛЕМУ

15

**Т. Н. Аладьина  
МЕКТЕПТЕГІ БУЛЛИНГТІ  
ҚАЛАЙ ТОҚТАТУҒА БОЛАДЫ?**

**Т. Н. Аладьина  
КАК ОСТАНОВИТЬ  
ШКОЛЬНЫЙ БУЛЛИНГ?**



## ПЕДАГОГТЕРГЕ / ПЕДАГОГАМ

МЕЙІРІМ – ОТ, ҚОРЛАУ – ТҮТІН  
ДОБРОТА – ОГОНЬ, ТРАВЛЯ – ДЫМ

22

**Н. Ю. Песигина  
БУЛЛИНГ ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ  
ҚҰБЫЛЫС РЕТІНДЕ: ТАБИҒАТЫ,  
МЕХАНИЗМДЕРІ, САЛДАРЫ, ЖЕҢУ  
ЖОЛДАРЫ ЖӘНЕ АЛДЫН АЛУ ТӘСІЛДЕРІ**

**Н. Ю. Песигина  
БУЛЛИНГ КАК СОЦИАЛЬНО-ПСИХОЛОГИЧЕСКОЕ  
ЯВЛЕНИЕ: ПРИРОДА, МЕХАНИЗМЫ,  
ПОСЛЕДСТВИЯ, ПУТИ ПРЕОДОЛЕНИЯ И  
ПОДХОДЫ К ПРОФИЛАКТИКЕ**

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚТЫҢ – ТЫЛСЫМ КҮШІ  
КРЕАТИВНОСТЬ – МАГИЯ ТВОРЧЕСТВА

28

**Т. В. Васько  
ӘР НӘРСЕДЕН ҒАЖАЙЫПТЫ КӨРЕ БІЛУ**

**Т. В. Васько  
ВИДЕТЬ ЧУДО ВО ВСЕМ**





## АТА-АНАЛАРҒА / РОДИТЕЛЯМ

38

ОЙЫНШЫҚ ТАҢДАУ: ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНІҢ БАСТАУЫ  
ВЫБОР ИГРУШКИ: НАЧАЛО ВОСПИТАНИЯ ДЕТЕЙ

**С. Е. Нурахметова**  
БАЛА ЖӘНЕ ОЙЫНШЫҚ:  
КІМ КІМДІ ТӘРБИЕЛЕЙДІ?

**С. Е. Нурахметова**  
РЕБЕНОК И ИГРУШКА:  
КТО КОГО ВОСПИТЫВАЕТ?



АТА-АНАЛАРҒА АРНАЛҒАН ГЛОССАРИЙ  
ГЛОССАРИЙ ДЛЯ РОДИТЕЛЕЙ

45

ҚАЗІРГІ ЖАСТАРДЫ ҚАЛАЙ ТҮСІНУГЕ  
БОЛАДЫ?

КАК ПОНЯТЬ СОВРЕМЕННУЮ  
МОЛОДЕЖЬ?



## БАЛАЛАРҒА / ДЕТЯМ

52

ЕРКЕ БАЛА МЕН ЕБЕДЕЙСІЗ ҰРЫЛАР  
ЕРКЕ БАЛА И НЕУКЛЮЖИЕ ВОРЫ

**ЕРКЕБАЙ: КҮЛКІГЕ ТОЛЫ КОМЕДИЯ**

**ЕРКЕБАЙ – КОМЕДИЯ,  
НАПОЛНЕННАЯ СМЕХОМ**



ӘКЕ – АСҚАР ТАУ, АНА – БҰЛАҚ, БАЛА – ЖАФАСЫНДАҒЫ ҚҰРАҚ  
РОДИТЕЛИ – КОРНИ, ДЕТИ – ВЕТВИ...

57

КЕДЕРГІЛЕРДІ ЖЕҢІП, КӨПІР ОРНАТАЙЫҚ  
АТА-АНАМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫ  
ҚАЛАЙ ЖАҚСARTУҒА БОЛАДЫ?

РУШИМ СТЕНЫ, ВОЗВОДИМ МОСТЫ  
КАК НАЛАДИТЬ ОТНОШЕНИЯ  
С РОДИТЕЛЯМИ?

## ПСИХОЛОГТІҢ КЕҢЕСІ / СТРАНИЦА ПСИХОЛОГА

61

ӨЗ-ӨЗІҢМЕН КЕЗДЕСУ  
ВСТРЕЧА С СОБОЙ

**С. Е. БАШКАЕВА**  
БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ОЙЫНДАР

**С. Е. БАШКАЕВА**  
ИГРЫ ДЛЯ ДЕТЕЙ

АТА-АНАЛАРҒА АРНАЛҒАН  
ПСИХОТЕРАПИЯЛЫҚ ТӘЖІРИБЕЛЕР

ПСИХОТЕРАПЕВТИЧЕСКИЕ ПРАКТИКИ  
ДЛЯ РОДИТЕЛЕЙ

ПСИХОТЕРАПИЯЛЫҚ ТӘЖІРИБЕЛЕР  
ПЕДАГОГТЕРГЕ АРНАЛҒАН

ПСИХОТЕРАПЕВТИЧЕСКИЕ ПРАКТИКИ  
ДЛЯ ПЕДАГОГОВ

# ӨЗГЕРІСТЕР ДӘУІРІ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ДАМУЫ 2025 жыл

## ЭПОХА ПЕРЕМЕН РАЗВИТИЕ СИСТЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ 2025 год

Білім мен ғылым – әлемді өзгерте алатын қозғаушы күш. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан – академиялық білім беру аумағы» атты стратегиялық серіктестер форумында сөйлеген сөзінде білім мен ғылым – стратегиялық маңызы зор, шекарасыз және бүкіл әлем елдерін біріктіретін маңызды салалар екенін атап өтті.

«Қазіргі таңда адамзат түбегейлі трансформация дәуіріне қадам басқан кезде, оқу орындары заман талабына сай болуы, өзгерістер легінде алдыңғы қатарда жүруі тиіс. Бұл – дамудың және прогрестің басты шарты екені сөзсіз.

Қазақстан білім беру жүйесін дамытуға ерекше мән береді. 2019 жылдан бері бұл салаға бөлінетін қаржы көлемі үш есеге артты. 2024 жылдан бастап елде **«Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы** жүзеге асырылуда. Бағдарламаға сәйкес, қордың жыл сайынғы инвестициялық табысының 50%-ы балалардың есепшоттарына аударылады. Осылайша, әрбір 18 жасқа дейінгі бала Ұлттық қордан қаржыландырылады. Бұл қаражатты мерзімінен бұрын пайдалану мүмкін

Образование и наука – движущие силы, способные изменить мир. Глава государства Касым-Жомарт Токаев, выступая на Форуме стратегических партнеров «Казахстан – территория академического образования», отметил, что образование и наука – это важнейшие сферы стратегического значения, не имеющие границ и объединяющие все страны мира.

«Сейчас, когда человечество вступило в эпоху кардинальной трансформации, учебные заведения должны соответствовать требованиям времени, идти в фарватере преобразований. Безусловно, без этого невозможно развитие и прогресс.

Казахстан придает особое значение развитию системы образования. С 2019 года финансирование данной сферы выросло в три раза. С 2024 года в стране реализуется **Программа «Национальный фонд – детям»**. В соответствии с ней 50% ежегодного инвестиционного дохода фонда начисляется на счета детей. Таким образом, каждый ребенок до 18 лет получает финансирование из Национального фонда. Указанные средства не могут быть использованы досрочно. По достиже-





емес. Кәмелет жасына толғаннан кейін жас азаматтар жинақталған қаражатты тұрғын үй сатып алуға немесе білім алуға жұмсай алады.

5 жастан асқан балалар үшін «Келешек» бірыңғай жинақтау жүйесі іске қосылды. Бұл жүйеде ата-аналардың ерікті жарналары, мемлекет бөлетін бастапқы білім беру капиталы, жыл сайынғы мемлекеттік сыйақы және инвестициялық табыс жинақталады.

Барлық жобалардың басты мақсаты – өсіп келе жатқан ұрпақтың сапалы білімге қолжетімділігін қамтамасыз ету».

нии совершеннолетия молодые граждане смогут направить накопленные средства на приобретение жилья или получение образования.

Запущена Единая накопительная система «Келешек» для детей старше 5 лет. В данной системе аккумулируются добровольные родительские взносы, выделяемый государством первоначальный образовательный капитал, ежегодная государственная премия и инвестиционный доход.

У всех проектов одна ключевая цель – обеспечение подрастающему поколению доступа к качественному образованию».

**«ҰЛТТЫҚ ҚОР – БАЛАЛАРҒА»  
БАҒДАРЛАМАСЫ**

**ПРОГРАММА  
«НАЦФОНД – ДЕТЯМ»**

<b>БАҒДАРЛАМА ҚР ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ТАПСЫРМАСЫ АЯСЫНДА ІСКЕ АСЫРЫЛУДА</b>	<b>ПРОГРАММА РЕАЛИЗУЕТСЯ В РАМКАХ ПОРУЧЕНИЙ ПРЕЗИДЕНТА РК</b>
Барлық кәмелетке толмаған азаматтар үшін жинақтаушы білім беру капиталы қалыптастырылады.	Для всех несовершеннолетних граждан формируется накопительный образовательный капитал.
2025 жылы әр балаға \$100-дан астам қаражат аударылды.	В 2025 г. каждому ребенку было начислено более \$100.
Қаражатты пайдалану үшін әртүрлі бағыттар бойынша 186 мыңға жуық өтініш берілді:	Подано почти 186 тыс. заявок на использование средств по направлениям:
Білім беру	Образование
Тұрғын үй жағдайларын жақсарту	Улучшение жилищных условий
\$22,9 млн-нан астам сомаға 156 мыңнан астам өтініш орындалды.	Выполнено более 156 тыс. заявок на более \$22,9 млн.

Дереккөз: <https://www.gov.kz/memleket/entities/edu/press/news/details/1090814?lang=ru>

Источник: <https://www.gov.kz/memleket/entities/edu/press/news/details/1090814?lang=ru>

Президенттің «Қазақстан жасанды интеллект дәуірінде: өзекті міндеттер және оларды цифрлық трансформация арқылы шешу» атты Жолдауында айтылған тапсырмаларды іске асыру аясында елімізде білім беру жүйесін дамыту және білікті кадрларды даярлау бойынша белсенді жұмыс жалғасуда.

В рамках реализации поручений Президента, озвученных в Послании «Казахстан в эпоху искусственного интеллекта: актуальные задачи и их решения через цифровую трансформацию», в стране продолжается активная работа по развитию системы образования и подготовке квалифицированных кадров.

Үкімет білім берудің барлық деңгейінде – мектепке дейінгі тәрбиеден бастап жоғары білім мен ғылымға дейін – қолжетімділік пен сапаны арттыруға баса назар аударып отыр.

#### **Мектепке дейінгі білім беру**

2025 жылдың басынан бері Қазақстанда 26,6 мың орынға арналған 303 жаңа мектепке дейінгі ұйым ашылды. Әлеуметтік осал санаттағы барлық балалар тегін тамақпен қамтамасыз етілген. Балабақшаға бармайтын балалардың ата-аналары үшін 5,5 мыңнан астам кеңес беру пункттері жұмыс істейді.

*«Ақша баланың соңынан жүреді» қағидаты бойынша ваучерлік қаржыландыру механизмі енгізілуде. Бұл модель мектепке дейінгі ұйымдардың қолжетімділігін, әділеттілік пен ашықтықты, сапаны бақылауды, мақсатты бағыттылықты және бюджет қаражатын тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді.*

Правительство делает акцент на повышении доступности и качества обучения на всех уровнях – от дошкольного воспитания до высшего образования и науки.

#### **Дошкольное образование**

С начала 2025 г. в Казахстане были открыты 303 новые дошкольные организации на 26,6 тыс. мест. Все дети из социально уязвимых категорий обеспечены бесплатным питанием. Для родителей, чьи дети не посещают детские сады, функционируют более 5,5 тыс. консультационных пунктов.

Внедряется ваучерный механизм финансирования по принципу «Деньги следуют за ребенком». Эта модель обеспечивает доступность дошкольных организаций, справедливость и прозрачность, контроль качества, адресность и эффективность расходования бюджетных средств.

В настоящее время в проекте участвуют более 2,3 тыс. дошкольных



Қазіргі уақытта жобаға 2,3 мыңнан астам мектепке дейінгі ұйым қатысуда, 276,5 мың балаға ваучер берілді. Жобаны іске асыру басталғалы бері қайталанатын және жалған тізімдерге жол берілмей, бюджет қаражаты едәуір үнемделді. Бұл қаражат кезекте тұрған және 2 жасқа толып, кезекке енді тұрған балаларды орналастыруға бағытталды.

2025 – 2026 оқу жылында мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту мазмұнын жаңарту мақсатында ел бойынша

организаций, выданы ваучеры на 276,5 тыс. детей. С начала реализации исключены случаи дублирования и фиктивных списков, что позволило значительно сэкономить бюджетные средства, которые направлены на устройство детей из очереди и детей, достигших 2 лет и только вставших в очередь.

В целях обновления содержания дошкольного воспитания и обучения в 2025 – 2026 учебном году в стране запускается пилотный проект



**«Еңбекке және кәсіпке ерте жастан баулу»** атты пилоттық жоба іске қосылады. Жобаға еліміздің 100 мектепке дейінгі ұйымы қатысады. Бағдарлама 4–5 жастағы балаларға арналған. Жобаның мақсаты – балаларды еңбекке баулу, оларда еңбекқорлық, жауапкершілік және мақсат қоя білу қасиеттерін қалыптастыру.

*Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың маңызды бағыттарының бірі – еңбекке және түрлі мамандық иелеріне құрметпен қарауды қалыптастыру.*

Жобаның мазмұны балалардың жас ерекшеліктері мен қызығушылықтарын ескере отырып әзірленген. Күнделікті ойын және тәжірибелік сабақтар барысында тәрбиеленушілер түрлі мамандықтармен танысып, қарапайым еңбек дағдыларын меңгереді.

Жобаны іске асыру балалардың еңбекке деген қызығушылығын арттырып, ұжымда жұмыс істеу қабілетін дамытады, сондай-ақ болашақта саналы кәсіби таңдау жасау жолындағы алғашқы қадам болады.

#### **Орта білім беру**

Қазақстан – мектеп оқушыларының білім сапасын бағалаудың ұлттық жүйесі халықаралық аккредитациядан өткен Орталық Азиядағы жалғыз мемлекет. Бұл құрал RCEC сапа белгісіне ие болды, бұл оның сенімділігін және халықаралық стандарттарға сәйкестігін растайды.

**«Приобщение к труду и профессиям с раннего возраста».** В нем примут участие 100 дошкольных организаций по всей стране. Программа рассчитана на детей 4–5 лет. Цель проекта – приобщение детей к труду, формирование у них трудолюбия, ответственности и целеустремленности.

*Одним из важных направлений дошкольного воспитания и обучения является воспитание уважительного отношения к труду и представителям различных профессий.*

Содержание проекта разработано с учетом возрастных особенностей и интересов детей. В ходе ежедневных игровых и практических занятий воспитанники будут знакомиться с различными профессиями и осваивать простейшие трудовые навыки.

Реализация проекта позволит повысить интерес детей к труду, развить умение работать в коллективе, а также станет первым шагом на пути к осознанному профессиональному выбору в будущем.

#### **Среднее образование**

Қазақстан – единственная страна Центральной Азии, прошедшая международную аккредитацию Национальной системы оценки качества школьных знаний. Инструмент получил знак качества RCEC, что подтверждает его надежность и соответствие международным стандартам.



Педагогтерді аттестаттау жүйесі автоматтандырылды. 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап педагогтің үздіксіз кәсіби дамуына арналған **«Ұстаз» ұлттық платформасын кезең-кезеңімен енгізу басталды.** Бұл платформа аттестаттау үдерісінің ашықтығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Биыл осы платформа арқылы шамамен 150 мың педагог аттестаттаудан өтті.

**Техникалық және кәсіптік білім беру**

Мемлекет басшысының Жарлығымен 2025 жыл **Жұмысшы мамандықтар** жылы деп жарияланды. «Жұмысшы мамандықтар қаласы» фестивалі аясында 300-ден астам іс-шара өткізілді, колледждер мен кәсіпорындар арасында 250 ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды, 30 мыңнан астам мектеп оқушысына кәсіби диагностика жүргізілді.

Автоматизирована система аттестации педагогов. Так, с 1 января 2025 г. началось поэтапное внедрение **Национальной платформы непрерывного профессионального развития педагога «Устаз»,** которая позволяет сделать процесс аттестации более прозрачным. В этом году аттестацию через платформу прошли около 150 тыс. педагогов.

**Техническое и профессиональное образование**

Указом Главы государства 2025 г. объявлен **Годом рабочих профессий.** В рамках Фестиваля «Город рабочих профессий» проведено более 300 мероприятий, между колледжами и предприятиями подписано 250 меморандумов о сотрудничестве, проведена профессиональная диагностика более 30 тыс. школьников.



*Орта білім беру ұйымдарында алғаш рет оқушыларға кәсіби бағдар беруді жүйелі түрде жүргізу және мектеп, колледж, жұмыс берушілер арасындағы өзара байланысты жолға қою мақсатында педагог-кәсіптік бағдар беруші лауазымы ресми түрде енгізілді.*

*В организациях среднего образования впервые официально введена должность педагога-профорientатора для системного сопровождения школьников в выборе профессии и налаживания взаимодействия между школой, колледжем и работодателями.*

Жоғары сынып оқушыларына жұмысшы біліктілігін беру бойынша пилоттық жоба жүзеге асырылуда. Бұл бастама мектептегі білім берудің практикалық бағытын күшейтуге және жастардың ерте еңбекке орналасу мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған. 11-сыныпты аяқтағаннан кейін оқушылар аттестатпен қатар орта техника-

Реализуется пилотный проект по присвоению рабочей квалификации старшеклассникам. Инициатива направлена на усиление практической направленности школьного образования и расширение возможностей молодежи по раннему трудоустройству. По окончании 11 класса школьники получают не только аттестат, но и ди-



лық білім туралы диплом алады. Бүгінгі таңда 905 түлек колледж дипломын алып, кәсіби біліктілікке ие болып, еңбек нарығына бірден шығу мүмкіндігіне ие болды.

Дарынды және болашағы зор студенттерді анықтау мен қолдау, сондай-ақ жоғары білікті мамандардың кадрлық резервін қалыптастыру мақсатында **«ТОП-100 студент» республикалық байқауы басталды.**

«JasSkills» және «JuniorSkills» байқауларына дайындық жұмыстары басталды, сондай-ақ 100 мың оқушыны қамтыған кәсіби бағдар беру науқаны «Мансап Компасы» платформасында іске қосылды.

Атқарылып жатқан жұмыстар нақты нәтижелер беруде. Данияда өткен Euroskills Herning 2025 кәсіби шеберлік бойынша халықаралық чемпионатында ұлттық құрама жақсы жетістіктерге қол жеткізді. 5 құзырет бойынша – веб-технологиялар, мехатроника, графикалық дизайн, желілік және жүйелік әкімшілендіру, инженерлік CAD дизайн 7 марапат медаль иеленді.

Жұмысшы мамандық иелерін қолдау мақсатында *«Наурыз жұмыскер» жеңілдетілген ипотекалық бағдарламасы* іске қосылды.

#### **Инклюзивті және арнайы білім беру**

Алғаш рет **ерекше білім беру қажеттіліктері (ЕБҚ) бар балаларға арналған арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау стандарты** әзірленді. Бұл құжат мемлекеттік деңгейде ЕБҚ бар балаларды білім берудің барлық сатыларында кешенді түрде қолдауға бағытталған жүйелі тәсілді бекітеді.

плом о среднем техническом образовании. На сегодня 905 выпускников уже завершили обучение с дипломом колледжа, получив профессиональную квалификацию и возможность сразу выйти на рынок труда.

Для выявления и поддержки талантливых и перспективных студентов, создания кадрового резерва высококвалифицированных специалистов стартовал **Республиканский конкурс «ТОП-100 студентов».**

Начата подготовка к конкурсам «JasSkills» и «JuniorSkills», стартовала профориентационная кампания на платформе «Мансап Компасы» с охватом 100 тыс. учащихся.

Вся эта работа приносит ощутимые результаты. Национальная сборная добилась хороших результатов на международном чемпионате по профессиональному мастерству Euroskills Herning 2025, прошедшем в Дании. Завоевано 7 медальонов отличия в 5 компетенциях: веб-технологии, мехатроника, графический дизайн, сетевое и системное администрирование, инженерный дизайн CAD.

Для поддержки представителей рабочих специальностей запущена льготная ипотека «Наурыз жұмыскер».

#### **Инклюзивное и специальное образование**

Впервые разработан **Стандарт специальной психолого-педагогической поддержки детей с особыми образовательными потребностями (ООП).** На государственном уровне закрепляется системный подход к сопровождению детей с ООП на всех уровнях образования.

**Дуалды оқыту** жүйесі шамамен 135 мың студентті қамтиды. Қытай, Германия, Франция, Түркия, Оңтүстік Корея, Финляндия, Канада, Сингапур, Италия, Ұлыбритания және Швейцария колледждерімен академиялық ұтқырлық, халықаралық салалық аккредитация және стратегиялық серіктестіктің басқа да түрлері бойынша 50-ден астам халықаралық келісімдер жасалды.

**Дуальное обучение** охватывает почти 135 тыс. студентов. Заключено более 50 международных соглашений с колледжами Китая, Германии, Франции, Турции, Южной Кореи, Финляндии, Канады, Сингапура, Италии, Великобритании и Швейцарии по вопросам академической мобильности, международной отраслевой аккредитации и других видов стратегического партнерства.

**«Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды кешенді қолдау туралы» Заң** әзірленуде. Бұл заңда бала мен оның отбасын қолдаудың ведомствоаралық тетіктері қарастырылады.



Үздіксіз инклюзивті білім беру бойынша Ұлттық орталықты құру жұмыстары жүргізілуде. Бүгінде еліміздегі мектептердің 90%-ында инклюзивті білім алуға жағдай жасалған. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдаумен қамту деңгейі 85%-ға жетті. Арнайы білім беру ұйымдарының желісі 504 мекемеден тұрады.

#### Қосымша білім беру

2025 жылы қосымша біліммен қамтылу деңгейі 87,2%-ға жетті. Оқушылардың 62%-ы тегін үйірмелер мен секцияларға қатысады – бұл өткен жылмен салыстырғанда 10%-ға артық. Қосымша білім беру ұйымдарының желісі 25%-ға өсіп, 2 мыңнан астам бірлікті құрады.

Бірқатар қалаларда үйірмелер мен секциялардың жұмысын ашық әрі тиімді бақылауға мүмкіндік беретін пилоттық цифрлық жоба іске асырылуда.

#### Тәрбие жұмысы

Президенттің бастамасымен барлық білім беру ұйымдарында «Адал азамат» бірыңғай тәрбие бағдарламасы енгізілуде. Биылдан бастап бұл бағдарламаға жеке мектептер де қосылуда, ал 2026 жылы оны кеңінен тарату бойынша шаралар қабылданады.

Бағдарлама аясында мектептер жанынан ата-аналарға педагогикалық қолдау көрсету орталықтары (АПҚО), ал өңірлерде психологиялық қолдау көрсету орталықтары (ПҚО)

Разрабатывается **Закон «О комплексной поддержке детей с особыми образовательными потребностями»**, который будет включать межведомственные механизмы сопровождения семьи и ребенка.



Ведется работа по созданию Национального центра непрерывного инклюзивного образования. В 90% школах страны созданы условия для получения инклюзивного образования, охват детей специальной психолого-педагогической поддержкой достиг 85%. Сеть специальных организаций образования насчитывает 504 единиц.

#### Дополнительное образование

В течение 2025 г. охват дополнительным образованием вырос до 87,2% школьников. Бесплатные кружки и секции посещают 62% учеников – на 10% больше, чем в прошлом году. Сеть организаций дополнительного образования выросла на 25% и насчитывает более 2 тыс. единиц.

В ряде городов реализуется пилотный цифровой проект, который фиксирует посещаемость и обеспечивает прозрачность работы кружков и секций.

#### Воспитательная работа

По инициативе Президента во всех организациях образования внедряется *Единая программа воспитания «Адал азамат»*. С этого года к ней подключаются и частные школы, а в 2026 г. будут приняты меры для ее масштабного распространения.

В рамках программы при школах открыты центры педагогической поддержки родителей (ЦППР), а в регионах созданы центры психологической поддержки (ЦПП). Создание и деятельность данных центров осуществляются



ашылды. Бұл орталықтарды құру және олардың қызметі балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдыналу, олардың құқықтары мен әлауқатын қамтамасыз ету жөніндегі 2023–2025 жылдарға арналған кешенді жоспар аясында жүзеге асырылуда.

в рамках Комплексного плана по защите детей от насилия, превенции суицида и обеспечению их прав и благополучия на 2023–2025 гг.



Басым бағыттардың бірі – **сынып жетекшілерінің** өсіп келе жатқан ұрпаққа тәлімгер әрі тәрбиеші ретіндегі рөлін нығайту.

Одним из приоритетных направлений является укрепление роли **классных руководителей** как наставников и воспитателей подрастающего поколения.

### Балалардың құқықтарын қорғау

Балаларды қорғау мақсатында мектептер мен колледждерде жедел әрі қауіпсіз байланыс үшін **«III» байланыс орталығына** қол жеткізуге арналған QR-кодтар енгізілді. Бұл психологиялық, заңдық және әлеуметтік көмекті аноним түрде алуға мүмкіндік береді.

Қамқоршылық органдарының штаттық саны 2,5 есеге арттыру жоспарланауда. Енді жетім балалардың тәлімгерлері міндетті түрде психологиялық дайындықтан өтетін болады.

Білім беру жүйесіндегі барлық реформалар болашаққа бағытталған және қоғамның сұранысын қанағаттандыруға негізделген.

### Охрана прав детей

В целях быстрой и безопасной коммуникации для защиты детей в школах и колледжах введены QR-коды доступа к **контакт-центру «III»**. Это дает возможность анонимно получить психологическую, юридическую и социальную помощь.

Планируется увеличить штат органов опеки в 2,5 раза. Наставники детей-сирот теперь будут проходить *обязательную психологическую подготовку*.

Все реформы в системе образования ориентированы на перспективное развитие и удовлетворение запросов общества.



## МЕКТЕПТЕГІ БУЛЛИНГТІ ҚАЛАЙ ТОҚТАТУҒА БОЛАДЫ?



### КАК ОСТАНОВИТЬ ШКОЛЬНЫЙ БУЛЛИНГ?

**Т. Н. Аладьина,**  
журналист,  
Алматы қ.

**Т. Н. Аладьина,**  
журналист,  
г. Алматы

**Досбол көмекке келеді!** Қазақстанда алғаш рет осы оқу жылының басынан бастап елдегі барлық мектептер мен колледждерде буллингтің алдын алу бойынша «ДосболLIKE» профилактикалық бағдарламасы енгізілді. Бұл бағдарлама білім беру ұйымдарында қорлау жағдайларын азайтуға және қауіпсіз, қолдаушы әрі құрметке негізделген ортаны қалыптастыруға бағытталған.

Бірегей бағдарлама халықаралық және қазақстандық нормативтік құқықтық актілерді, соның ішінде Балалар әл-ауқаты индексінің ережелерін ескере отырып әзірленген. Ол буллингпен күрестегі әлемдік үздік тәжірибелерді қамтиды.

**Досбол нам в помощь!** Впервые в Казахстане с начала этого учебного года во всех школах и колледжах страны внедрена Программа профилактики буллинга «ДосболLIKE», направленная на снижение случаев травли и формирование безопасной, поддерживающей и уважительной среды в организациях образования.

Уникальная программа разработана с учетом международных и казахстанских нормативных правовых актов, включая положения Индекса благополучия детей. Она включает в себя лучшие мировые практики в борьбе с буллингом.



Бағдарламаны республикадағы 9 өңірдің 50 мектебінде білім беру және тәрбие процесіне енгізу бойынша пилоттық жоба жоғары нәтижелер көрсетті. Педагогтер көпсатылы модельді қолданды: шағым, талдау, көмек жоспары, бақылау және кейінгі бақылау. Аprobация қорытындысы бойынша ең үздік нәтижелер Астана, Алматы қалалары мен Абай және Жамбыл облыстарының мектептерінде байқалды.

Пилотный проект включения программы в процесс обучения и воспитания детей в 50 школах 9 регионов республики дал отличные результаты. Педагоги применяли многоступенчатую модель: жалоба, анализ, план помощи, наблюдение и постнаблюдение. По итогам апробации лучшие результаты достигнуты в школах Астаны, Алматы, Абайской и Жамбылской областей.

«Мұғалімдер мен мектеп психологтері бағдарламаға жоғары баға берді. Ол төрт сабақтан тұрады, бірақ ең маңызды тақырыптарды қамтиды: балалар мен педагогтерді өзгенің шекарасына құрметпен қарауға және өз шекарасын қорғауға үйретеді, қарапайым жанжал мен буллингті ажыратуға көмектеседі, баршаға тең құқық пен мүмкіндік туралы дұрыс ұстаным қалыптастырады, балаларда көшбасшылық пен командалық қасиеттерді дамытады, жасалған әрекеттер үшін жауапкершілік сезімін тәрбиелейді және достық пен мейірімділіктің шексіз күшін көрсетеді».

Балалардың психологиялық әл-ауқатын зерттеу зертханасының жетекшісі «Өркен» балаладың әл-ауқатын арттыру ұлттық-ғылыми практикалық институты  
**Ирина Калачева**



«Учителя и школьные психологи дали высокую оценку программе. Она состоит из четырех занятий, но охватывает важнейшие темы, учит детей и педагогов уважать чужие границы и защищать собственные, помогает различить простой конфликт и буллинг, дает правильные установки на равные права и возможности для всех без исключения, развивает в детях командные и лидерские качества, воспитывает в них ответственность за совершенные поступки и показывает безграничную силу дружбы и доброты».

Руководитель Лаборатории исследований психологического благополучия детей Национального научно-практического института благополучия детей «Өркен»  
**Ирина Калачева**

«ДосболLIKE» бағдарламасы кәсіби және сауатты түрде құрастырылған. Онда мұғалімдер, әлеуметтік педагогтер, мектеп психологтері мен инспекторлар, ата-аналар мен балалар өздеріне қажетті әрі пайдалы көптеген ақпаратты таба алады.

Алайда бағдарлама өздігінен жұмыс істемейді. Буллингпен күресте ешкім бейтарап қалмауы тиіс – бұл жерде ешкім тек бақылаушы рөлінде шектелмеуі керек.

Өкінішке қарай, Қазақстандағы білім беру ұйымдарының басшыларының басым бөлігі буллинг тақырыбын ашық талқылаудан бас тартады. Олар жасөспірімдер арасындағы буллингтің бар екенін мойындайды, оны шұғыл жою қажет деп санайды, бірақ дәл өздері басқаратын мектепте (немесе колледжде) мұндай жағдайлар болмаған, болмайды және болмайды деп есептейді...

Программа «ДосболLIKE» составлена профессионально и грамотно. В ней учителя, социальные педагоги, школьные психологи и инспекторы, родители и дети найдут много для себя нужного и полезного.

Но сама по себе программа работать не станет. В борьбе с буллингом не должно быть равнодушных, здесь никому нельзя ограничиваться ролью зрителя.

К сожалению, практически все руководители образовательных учреждений Казахстана предпочитают замалчивать тему травли. Они согласны с тем, что подростковый буллинг существует, искоренять его надо срочно, но именно в возглавляемой ими школе (либо колледже) случаев травли нет, никогда не было и не будет...

*«Мәселені үнсіздікпен шешу мүмкін емес. Буллинг тек құрбанға ғана емес, оны еріксіз бақылап жүрген куәгерлерге де қауіпті. Тіпті буллингті бастаған адамның өзі де психологтердің көмегіне мұқтаж. Мектептер мен колледждердің директорлары мен мұғалімдері қорлаудың нақты жағдайлары туралы ашық айтуы керек – мекеме туралы теріс пікірден қорықпай, ең алдымен оқушылардың денсаулығы мен өмірін ойлауы тиіс.»*

*Көз жұма қарау, ештеңе болмағандай түр көрсетуге жол берілмеуі керек, себебі бір сәтте жағдай бақылаудан шығып, қайтаруға келмейтін шекке жетуі мүмкін. Ата-аналар бізге ең қымбатын – өз балаларын сеніп тапсырды, ал әрбір мұғалімнің борышы – буллинг салдарынан баланың орны толмас әрекетке баруына жол бермеу.»*

*Жәния Аубакирова авторлық мектебінің жетекшісі  
**Алмас Сапарғалиев***

Алмас Сапарғалиев жұмыс істейтін мектепте баланың буллинг туралы кез келген дабылы елеусіз қалмайды. Барлық өтініштер арнайы журналға тіркеледі. Егер ата-аналар балаларының қорлауға ұшырағанын айтып, алаңдаушылық білдірсе, мектеп әкімшілігі дереу әрекет етеді. Ешкім ата-аналарға

*«Молчание не решает проблему. Буллинг опасен не только для жертвы, но и для всех невольных свидетелей травли. Даже сам инициатор нуждается в помощи психологов. Директора и учителя школ и колледжей должны открыто говорить о случаях травли, не опасаясь осуждения или негативных отзывов об учреждении, а думая в первую очередь о здоровье и жизни своих учеников. Недопустимо закрывать глаза и делать вид, будто бы ничего не происходит, ведь в какой-то момент ситуация выйдет из-под контроля и дойдет до точки невозврата. Родители доверили нам самое дорогое – своих детей, и долг каждого учителя – не допустить, чтобы ребенок совершил непоправимое из-за травли.»*

*Руководитель авторской школы  
Жанин Аубакировой  
**Алмас Сапарғалиев***

В школе, где работает Алмас Сапарғалиев, любой сигнал ребенка о буллинге не остается без внимания. Все обращения регистрируются в специальном журнале. Если приходят обеспокоенные родители, утверждающие, что их дети стали жертвами травли, руководство реагирует



«уайымдамаңыздар» деп, олардың алаңдаушылығы негізсіз деп сендірмейді. Әрбір жағдай мұқият қарастырылады, нәтижесінде балалар өздерін қауіпсіз сезінеді. Әрине, мұндай сезімталдықтың өзі буллингті түбегейлі жоя алмайды. Дегенмен, Жәния Аубакирова авторлық мектебінің педагогикалық стратегиясы республикадағы барлық білім беру ұйымдарына енгізуге лайық үлгі болып табылады.

**Балалар бақытты, бірақ мектептердегі буллинг жойылған жоқ.**

«ДосболLIKE» бағдарламасы білім беру жүйесіне қажет, алайда көптеген психологтер мен мұғалімдер оны толықтыру қажет деп санайды. Жаңашылдықтың артықшылықтарын мойындай отырып, олар буллинг фактісі анықталып, дәлелденгеннен кейінгі нақты әрекет алгоритмін енгізудің маңыздылығын атап өтеді: ары қарай қайда жүгіну керек, қандай жағдайда полицияны тарту қажет, ал қандай жағдайда мәселені оқу орнының ішінде шешуге болады және т. б.

Бұл бағытта Алматы қаласы **Білім басқармасының Психологиялық қолдау орталығы** да ауқымды жұмыс жүргізіп жатыр.



незамедлительно. Никто не предлагает папам и мамам «не волноваться попусту», не уверяет их в ошибочных и быстрых выводах. Каждая ситуация детально рассматривается, и дети чувствуют себя защищенными. Естественно, полностью искоренить буллинг даже такая чуткость не в состоянии, однако стратегия педагогов авторской школы Жани Аубакировой достойна быть включенной во все образовательные учреждения республики.

**Дети счастливы, но буллинг в школах не исчезает.**

Программа «ДосболLIKE» системе образования нужна, но многие психологи и учителя убеждены в необходимости дополнить ее. Признавая плюсы нововведения, они отмечают важность внести в него четкий алгоритм действий после того, как выяснен и доказан факт буллинга: куда следует обращаться дальше, в каких случаях привлекать полицию, а когда можно решить вопрос в стенах учебного заведения и т. д.

Большая работа осуществляется и в **Центре психологической поддержки Управления образования г. Алматы.**

«Біздің орталықта сенім телефоны жұмыс істейді, жыл ішінде желіге 2550 хабарлама келіп түсті, түрлі жағдайлар бойынша бізге 1688 бала көмек сұрап жүгінді. Жалпы санының ішінде 74 өтініш буллингке қатысты болды. Біз міндетті түрде мектептерге барып, педагогтермен және оқушылармен кездесеміз. Көп жағдайда қорлау емес, балалар арасындағы қарапайым жанжал болғаны анықталады. Алайда бұл жағдайда сақтық танытқан дұрыс, себебі сөз балалардың әл-ауқаты мен олардың қауіпсіздік құқығы туралы болып отыр».

Алматы қаласы Білім басқармасының Психологиялық қолдау орталығының директоры  
**Венера Коканова**

«При нашем центре функционирует телефон доверия, за год на линию поступило 2550 сообщений, к нам обратились за помощью в разных ситуациях 1688 детей. Из общего числа 74 обращения связаны с буллингом. Мы обязательно выезжаем в школы, встречаемся с педагогами и учениками. Нередко выясняется, что травли нет, а имел место обычный конфликт между детьми. Однако в данной ситуации лучше перестраховаться, ведь речь идет о благополучии детей, об их праве на безопасность».

Директор Центра психологической поддержки  
Управления образования г. Алматы  
**Венера Коканова**

Психологтер, мұғалімдер және мектеп инспекторлары буллинг ешқашан аяқ астынан пайда болмайтынына сенімді – қорлау біртіндеп басталады: ренжітетін әзілдерден, ащы меңзеулерден, сырттай бейкүнә көрінетін

Психологи, учителя и школьные инспекторы убеждены в том, что буллинг никогда не возникает в одночасье – травля начинается постепенно: с обидных шуток, колких намеков, безобидных, казалось бы, розыгрышей и оскор-

қалжыңдар мен қорлайтын лақап аттардан. Буллер, бейне бір, жағдайды байқап көргендей, өз болашақ құрбанын зерттей бастайды.

*«Педагог сыныптағы және жалпы мектептегі атмосфераны бақылауда ұстауы керек. Егер ол алаңдатарлық белгілерді байқаса, дереу әрекет ету қажет. Балалар әдейі қорлағанын мойындай бермейді. Олар әдетте былай дейді: «Мен оны ұрған жоқпын, тек байқамай итеріп жібердім», «Мен бөтелкені оның басына лақтырған жоқпын, досыма лимонад лақтырдым, ұшу бағытын дұрыс есептемедім», «Мен сыныптасымның дәптерін жыртқым келген жоқ; ол дәптерді өзіне қарай тартып қалды, өзі жырытылып кетті» және т.б.*

*Көп ұзамай буллерге құрбанға үстемдік ету, оның заттарын бүлдіру, мазақтап, балағаттау жеткіліксіз бола бастайды, сөйтіп ол одан да қатыгез әдістерді ойлап табады».*

*Педагог-психолог  
**Юлия Нестеренкова***

Юлия Нестеренкова ашық түрде педагогикалық буллинг туралы да айтады. Бұл тақырыпты мұғалімдер жиі айналып өтеді. Төмен баға қою, оқушымен менсінбей сөйлесу, оның әлсіз тұстары мен қателіктерін бүкіл сыныптың көзінше көрсету – балаларға қатысты педагогикалық қорлаудың толық емес тізімі ғана. Мұғалімдік буллингті де түбегейлі жою қажет, себебі оқушылар мұғалімнің мінез-құлқынан үлгі алады.

Оқушылардың қауіпсіздігі білім беру жүйесінің басым стратегиялық бағыты болып қала береді. Мектеп балаға өмір сүру үшін күресетін орынға айналмауы тиіс.

Антибуллинг бағдарламасы енгізілді, енді оны әзірлеген команда ата-аналардан, мұғалімдерден және балалардан кері байланыс күтуде. Олар қорлаудың барлық түрін жоюға ықпал ететін кез келген толықтыруды енгізуге дайын.

бительных прозвищ. Как бы пробуя почву, буллер изучает свою потенциальную жертву.

*«Педагог должен контролировать атмосферу в классе и в целом в школе. Если он замечает тревожные сигналы, надо действовать незамедлительно. Дети не признаются в умышленной травле. Они обычно говорят: «Я его не бил, просто нечаянно толкнул», «Я не бросала ей в голову бутылку, кидала лимонад другу, не рассчитала траекторию полета», «Я не хотел разорвать тетрадку одноклассницы: она резко потянула тетрадь на себя, и та сама порвалась» и т.д.*

*Вскоре буллеру уже недостаточно полученной им власти над жертвой, ему недостаточно портить ее вещи, дразнить и обзывать, и он изобретает более жестокие методы».*

*Педагог-психолог  
**Юлия Нестеренкова***

Юлия Нестеренкова открыто говорит и о педагогическом буллинге – теме, тщательно избегаемой учителями. Заниженные оценки, пренебрежительный тон в разговоре с учеником, указывание на его слабости и ошибки в присутствии всех одноклассников – далеко не полный перечень проявлений педагогической травли по отношению к детям. И учительский буллинг тоже следует полностью искоренить, ведь школьники видят в нем модель для подражания.

Безопасность учащихся всегда остается приоритетным стратегическим ориентиром системы образования. Школа не должна становиться для ребенка местом, где он сражается за выживание.

Антибуллинговая программа внедрена, команда ее разработчиков ждет от родителей, учителей и детей обратной связи и готова вносить в нее любые дополнения, способствующие искоренению всех форм травли.





## ОТШАШУ – ОЙЫНШЫҚ ЕМЕС! ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІ

### Дайындық кезеңі

- Отшашуды тек лицензияланған дүкеннен сатып алыңыз.
- Қаптамадағы нұсқаулықты мұқият оқыңыз.
- Жарамдылық мерзімін тексеріңіз.
- Балаларға отшашуды өздігінен қолдануға рұқсат бермеңіз.

### Орын таңдау

- Ашық алаңда, ғимараттардан, ағаштардан және көліктерден алыс жерде қолданыңыз.
- Жанғыш заттардан (құрғақ шөп, бензин, қағаз) аулақ болыңыз.
- Қолданылатын аймақты алдын ала белгілеп, адамдарды қауіпсіз қашықтықта ұстаңыз.

### Қолдану кезінде

- Отшашуды тек қолыңызбен ұстап тұрып емес, арнайы тіреуішке қойып іске қосыңыз.
- Отшашуды жаққанан кейін алыс тұрыңыз.
- Бірнеше отшашуды қатарынан жақпаңыз – әрқайсысын бөлек іске қосыңыз.
- 10–15 қадам алыс тұрыңыз.

### Қауіпсіздік құралдары

- Жақын жерде су толы шелек немесе өрт сөндіргіш ұстаңыз.
- Қолғап пен көзілдірік қолдану ұсынылады.
- Балалар мен жануарларды қауіпсіз аймаққа шығарыңыз.

### Қауіпті жағдайларда

- Отшашу дұрыс жанбаса, оған жақындамаңыз – кемінде 10–15 минут күтіңіз.
- Жарақат немесе күйік болса, дереу медициналық көмекке жүгініңіз.
- Өрт шықса, бірден өрт сөндіру қызметіне хабарласыңыз.



**АСПАНДАҒЫ ОТШАШУ ӘДЕМІ,  
АЛ ҚАУІПСІЗДІК – МАҢЫЗДЫ!**



## **ФЕЙЕРВЕРК – НЕ ИГРУШКА! ПРАВИЛА БЕЗОПАСНОСТИ**

### **Подготовительный этап**

- Покупайте фейерверки только в лицензированных магазинах.
- Внимательно читайте инструкцию на упаковке.
- Проверяйте срок годности.
- Не разрешайте детям самостоятельно использовать фейерверки.

### **Выбор места**

- Используйте фейерверки на открытой площадке, вдали от зданий, деревьев и автомобилей.
- Держитесь подальше от легко-воспламеняющихся материалов (сухая трава, бензин, бумага).
- Заранее обозначьте зону запуска и удерживайте людей на безопасном расстоянии.

### **Во время ИСПОЛЬЗОВАНИЯ**

- Запускайте фейерверки, не держа их в руках, а устанавливая на специальную опору.
- После поджигания сразу отойдите на безопасное расстояние.
- Не поджигайте несколько фейерверков одновременно – запускайте каждый отдельно.
- Отходите на 10–15 шагов.

### **Средства безопасности**

- Держите рядом ведро с водой или огнетушитель.
- Рекомендуются использовать перчатки и защитные очки.
- Уведите детей и животных в безопасную зону.

### **В опасных ситуациях**

- Если фейерверк не сработал, не подходите к нему – подождите не менее 10–15 минут.
- При травме или ожоге немедленно обратитесь за медицинской помощью.
- В случае пожара сразу звоните в пожарную службу.



**ФЕЙЕРВЕРК В НЕБЕ КРАСИВ,  
НО БЕЗОПАСНОСТЬ ПРЕЖДЕ ВСЕГО!**

## БУЛЛИНГ ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰБЫЛЫС РЕТІНДЕ: ТАБИҒАТЫ, МЕХАНИЗМДЕРІ, САЛДАРЫ, ЖЕҢУ ЖОЛДАРЫ ЖӘНЕ АЛДЫН АЛУ ТӘСІЛДЕРІ

### БУЛЛИНГ КАК СОЦИАЛЬНО-ПСИХОЛОГИЧЕСКОЕ ЯВЛЕНИЕ: ПРИРОДА, МЕХАНИЗМЫ, ПОСЛЕДСТВИЯ, ПУТИ ПРЕОДОЛЕНИЯ И ПОДХОДЫ К ПРОФИЛАКТИКЕ

**Н. Ю. Песигина,**

психолог-кеңесші,  
Психологиялық қолдау орталығы,  
Шымкент қ.

**Н. Ю. Песигина,**

психолог-консультант,  
Центр психологической поддержки,  
г. Шымкент

**Буллинг** (ағылш. *bullying* – «қорқыту») — бұл агрессияның бір түрі, ол физикалық, психологиялық немесе әлеуметтік қысымның тұрақты және қайталанатын көрінісі ретінде байқалады. Бұл – жүйелі түрде жүзеге асатын тұлғааралық зорлық-зомбылықтың бір түрі, оған физикалық, вербалды және әлеуметтік қысымның бір немесе бірнеше адамға бағытталуы жатады. Мұндай жағдайлар мектептерде, жұмыс орындарында немесе интернетте орын алуы мүмкін. Мәселеге деген қызығушылықтың артуына қарамастан, буллинг әлі де жасырын және жиі қалыпты жағдай ретінде қабылданатын зорлық-зомбылық түрі болып қала береді.

**Буллинг** (англ. *bullying* – «запугивание») — форма агрессии, проявляющаяся в регулярном повторяющемся физическом, психологическом или социальном давлении. Это форма систематического межличностного насилия, включающая физическое, вербальное и социальное давление, направленное на одного или нескольких индивидов. Может происходить в школах, на работе, в интернете. Несмотря на возрастающее внимание к проблеме, буллинг продолжает быть скрытой и часто нормализованной формой насилия.



Буллинг мәселесі әлеуметтік психология, педагогика және психиатрия салаларында белсенді түрде зерттелуде, себебі бұл құбылыс балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығы мен әлеуметтенуіне айтарлықтай әсер етеді.

Проблема буллинга активно изучается в рамках социальной психологии, педагогики и психиатрии, поскольку имеет значительные последствия для психического здоровья и социализации детей и подростков

**Буллингтің теориялық негіздері мен түрлері.** Буллингті зерттеудің негізін қалаушылардың бірі саналатын швед-норвег психологі Дэн Ольвеустың жіктемесі бойынша буллингтің келесі түрлері ажыратылады:

- **физикалық буллинг:** ұру, итеру, аяқтан шалу, жеке заттарды бүлдіру;
- **вербалды буллинг:** балағаттау, қорлау, келемеждеу, лақап аттар қою, қорқыту;

**Теоретические основы и типы буллинга.** По классификации Дэна Ольвеуса, шведско-норвежского психолога, который считается пионером в исследовании буллинга (травли), выделяют следующие типы:

- **физический:** удары, толчки, подножки, порча личных вещей;
- **вербальный:** оскорбления, унижения, клички, прозвища, угрозы;

▪ *әлеуметтік (реляциялық) буллинг:* оқшаулау, өсек тарату, бойкот жариялау;

▪ *кибербуллинг:* цифрлық технологиялар арқылы қорлау (әлеуметтік желілер, мессенджерлер және т.б.).

**Буллингтің пайда болу механизмдері.** Буллинг көбіне келесі сипаттағы жүйелерде туындайды:

- иерархия мен мәртебе үшін күрес бар ортада;
- мақсатқа жетудің құралы ретінде агрессияға жол берілетін жағдайда;
- ересектер мен басшылық тарапынан бақылау мен қолдау жоқ кезде;
- құрмет пен эмпатия нормалары ескерілмейтін ортада.

Психологиялық тұрғыда буллинг келесі механизмдер арқылы қолдау табады:

- ✓ құрбанды құнсыздандыру;
- ✓ агрессияны ауыстыру;
- ✓ «өзіміз – бөтен» топтық динамикасы;
- ✓ ерекшеліктен және әлсіздіктен қорқу.

#### **Буллингтің нақты мысалы**

**Мектеп ортасы.** 2024 жылы Шымкент қаласындағы мектептердің бірінде 6-сынып оқушысы сыныптастары тарапынан тұрақты түрде жәбірлеуге ұшырады: оны жүйелі түрде балағаттап, ұрыпсоғып, мазақтаған сәттерді телефонға түсіріп, сыныптың WhatsApp тобына жүктеген. Мұғалімдер бұл шағымдарға мән бермей, «балалар арасындағы жанжал» деп қабылдаған. Тек психолог пен ата-аналар араласқаннан кейін ғана мектеп әкімшілігі тарапынан нақты әрекет жасалды. Бала психотерапия курсынан өтті, ал бірнеше агрессор басқа сыныптарға ауыстырылды.

**Еңбек ортасы.** 2023 жылы Шымкент қаласындағы өндірістік кәсіпорында болған жағдай. Мүгедектігі бар инженер бөлім басшысының тарапынан моббингке (жұмыс орнындағы қорлау) ұшырады: жиналыстарда қорлау, еңбегін елемеу, артық жұмысты түсіндірместен жүктеу сияқты әрекеттер орын алды. Әріптестері басшылықтың сенімінен айырылып қалудан қорқып, араша түспеді. Зардап шеккен қызметкер еңбек инспекциясына жүгінді, содан кейін кәсіпорын басшылығы ішкі тергеу жүргізді. Нәтижесінде бөлім басшысына қатаң сөгіс берілді.

▪ *социальный (реляционный):* изоляция, распространение слухов, бойкотирование;

▪ *кибербуллинг:* травля с использованием цифровых технологий (соцсети, мессенджеры и др.).

**Механизмы возникновения буллинга.** Буллинг возникает в системах, где:

- существует иерархия и борьба за статус;
- поощряется агрессия как средство достижения цели;
- отсутствует контроль и поддержка со стороны взрослых / руководства;
- игнорируются нормы уважения и эмпатии.

Психологически буллинг поддерживается следующими механизмами:

- ✓ обесценивание жертвы;
- ✓ перенос агрессии;
- ✓ групповая динамика «свой – чужой»;
- ✓ страх отличия и слабости.

#### **Реальные примеры буллинга**

**Школьная среда.** В 2024 г. в одной из школ г. Шымкента ученик 6 класса подвергся постоянной травле со стороны одноклассников: его систематически обзывали, били, снимали издевательства на телефон и выкладывали в ватсап класса. Учителя игнорировали жалобы, считая это «детскими конфликтами». Лишь после вмешательства психолога и родителей произошла реакция со стороны администрации. Ребенок прошел курс психотерапии, а несколько агрессоров были переведены в другие классы.

**Трудовая среда.** Случай на производственном предприятии в Шымкенте, 2023 г. Инженер с инвалидностью стал жертвой моббинга (травля на рабочем месте) со стороны начальника отдела: унижение на планерках, принижение заслуг, передача лишней работы без объяснений. Коллеги не вступались из страха потерять лояльность начальства. Пострадавший обратился в трудовую инспекцию, после чего руководство предприятия провело внутреннее расследование. Начальник отдела получил строгий выговор.



### **Буллингтің салдары**

#### *Құрбан үшін:*

- өзін-өзі бағалаудың төмендеуі;
- мазасыздық, депрессия;
- психосоматикалық аурулар;
- ауыр жағдайларда суицидтік ойлар немесе әрекеттер.

#### *Агрессор үшін:*

- антиәлеуметтік көзқарастардың қалыптасуы;
- зорлық-зомбылыққа бейімділік;
- эмпатиялық байланыс орнатудағы қиындықтар.

#### *Куәгерлер үшін:*

- зорлық-зомбылықты қалыпты құбылыс ретінде қабылдау;
- қорқыныш пен дәрменсіздік сезімі;
- эмоционалдық күйзеліс.

#### *Алдын алу және араласу шаралары Мектеп / ұйым деңгейінде:*

эмоционалдық интеллектті дамыту бағдарламаларын енгізу; мұғалімдер мен басшыларды араласу әдістеріне үйрету; шағымдар үшін анонимді арналар құру; агрессияға нөлдік төзімділік саясатын (zero tolerance policy) енгізу.

#### *Жеке деңгейде:*

әлеуетті құрбандардың сенімділігі мен коммуникативтік дағдыларын дамыту; психотерапиялық қолдау көрсету; агрессорлармен мінез-құлық үлгісін өзгерту бағытында жұмыс жүргізу.

**Буллинг феномені** келесі ғылыми тәсілдер контекстінде қарастырылады:

- **Әлеуметтік-когнитивтік теория:** агрессивті мінез-құлық қоршаған ортадағы бақылау, еліктеу және қолдау арқылы қалыптасады.
- **Әлеуметтік үстемдік моделі:** буллинг топ ішіндегі иерархиялық орынды бекітудің құралы ретінде қызмет етеді.
- **Байланыс теориясы:** ерте жастағы сенімді эмоциялық байланыстардың жетіспеушілігі виктимді мінез-құлыққа немесе агрессияға бейімділікке себеп болуы мүмкін.

### **Последствия буллинга**

#### *Для жертвы:*

- снижение самооценки;
- тревожность, депрессия;
- психосоматические заболевания;
- в тяжелых случаях суицидальные мысли или действия.

#### *Для агрессора:*

- формирование антисоциальных установок;
- склонность к насильственному поведению;
- трудности в выстраивании эмпатических связей.

#### *Для наблюдателей:*

- нормализация насилия;
- чувство страха и бессилия;
- эмоциональное выгорание.

#### *Профилактика и интервенции*

##### *На уровне школы / организации:*

введение программ по развитию эмоционального интеллекта; обучение учителей / руководителей методам вмешательства; создание анонимных каналов для жалоб; нулевая терпимость к агрессии (zero tolerance policy).

##### *На индивидуальном уровне:*

развитие уверенности и коммуникативных навыков у потенциальных жертв; психотерапевтическая поддержка; работа с агрессорами по изменению модели поведения.

**Феномен буллинга** рассматривается в контексте следующих научных подходов.

- **Социально-когнитивная теория:** агрессивное поведение формируется через наблюдение, подражание и подкрепление в окружающей среде.
- **Модель социальной доминантности:** буллинг служит средством утверждения иерархического положения в группе.
- **Теория привязанности:** дефицит надежных эмоциональных связей в раннем возрасте может предрасполагать к виктимному поведению или агрессии.

**Зерттеу әдістері мыналарды қамтиды:**

екінші деңгейлі эмпирикалық деректерді талдау;  
халықаралық антибуллинг бағдарламаларын салыстырмалы талдау;  
теориялық модельдерді синтездеу.

**Буллингке себеп болатын факторлар.** Буллинг – көпфакторлы құбылыс. Оның алғышарттарын шартты түрде жеке, отбасылық және әлеуметтік-мәдени факторларға бөлуге болады.

**Жеке факторлар:**

- импульсивтіліктің жоғары болуы;
- жауласу мінез-құлық;
- үстемдікке ұмтылу;
- құрбандарда: жоғары мазасыздық, төмен өзін-өзі бағалау, әлеуметтік сенімсіздік.

**Отбасылық факторлар:**

- тәрбиенің қатал стилі;
- отбасындағы зорлық-зомбылық;
- эмоциялық байланыстың жетіспеушілігі;
- жанжалдарды шешудің тиімді үлгілерінің болмауы.

**Әлеуметтік-мәдени факторлар:**

- мұғалімдер тарапынан жеткіліксіз бақылау;
- агрессия фактілеріне институционалдық әлсіз жауап;
- жасөспірімдер топтарында агрессивті көшбасшылықты қолдау.

**Буллингтің алдын алу және араласу тәсілдері.** Буллингтің тиімді профилактикасы жүйелі пәнаралық тәсілді талап етеді.

Мектеп бағдарламалары, құрмет пен қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруға бағытталған (мысалы,

**Методы исследования включают:**

анализ вторичных эмпирических данных;  
сравнительный анализ международных антибуллинговых программ;  
синтез теоретических моделей.

**Причинные факторы буллинга.**

Буллинг является многофакторным явлением. Условно его предпосылки можно классифицировать на индивидуальные, семейные и социокультурные.

**Индивидуальные факторы:**

- повышенная импульсивность;
- враждебность;
- потребность в доминировании;
- у жертв: повышенная тревожность, низкая самооценка, социальная неуверенность.

**Семейные факторы:**

- жесткий стиль воспитания;
- насилие в семье;
- дефицит эмоционального контакта;
- отсутствие эффективных моделей решения конфликтов.

**Социокультурные факторы:**

- недостаточный надзор со стороны учителей;
- слабая институциональная реакция на факты агрессии;
- поддержка агрессивного лидерства в подростковых группах.

**Подходы к профилактике и вмешательству.** Эффективная профилактика буллинга требует системного междисциплинарного подхода.

Школьные программы, ориентированные на формирование культуры уважения и безопасности (например,



Ольвеус бағдарламасы, Финляндия-дағы KiVa бағдарламасы).

*Педагогтерді* агрессияны анықтау және оған әрекет етуге үйрету.

*Отбасылық қатысу:*

саналы және эмпатиялық тәрбиені қолдау;

ата-аналарды мектеп бастамаларына және психологиялық-ағартушылық жұмысқа тарту.

*Жеке қолдау:*

құрбандар мен агрессорларға психологиялық көмек;

қолдау топтары;

коммуникация және жанжалдарды шешу дағдыларын дамыту.



Программа Ольвеуса, Программа KiVa в Финляндии).

*Обучение педагогов* идентификации и реагированию на агрессию.

*Семейное вовлечение:*

поддержка осознанного и эмпатийного воспитания;

вовлечение родителей в школьные инициативы и психопросветительскую работу.

*Индивидуальная поддержка:*

психологическая помощь жертвам и агрессорам;

группы поддержки;

развитие навыков коммуникации, разрешения конфликтов.



Буллингтің алдын алу барлық **әлеуметтендіру агенттерінің**: отбасы, мектеп, қоғам және мемлекеттің белсенді қатысуынсыз мүмкін емес. Реактивті тәсілдерден **проактивті стратегияларға** көшу қажет, яғни қауіп-қатерді ерте анықтауға және мектепте жағымды атмосфера қалыптастыруға баса назар аудару керек.

Болашағы зор бағдарламалар – **когнитивті-мінез-құлықтық және әлеуметтік-эмоционалдық компоненттерді** біріктіретін кешенді тәсілдер болып табылады.

Профилактика буллинга невозможна без активного участия всех **агентов социализации**: семьи, школы, сообщества и государства. Необходимо переходить от реактивных к **проактивным стратегиям**, акцентируя внимание на раннем выявлении рисков и формировании позитивной школьной атмосферы. Перспективными являются программы, сочетающие **когнитивно-поведенческие и социально-эмоциональные компоненты**.

Буллинг – бұл жай ғана жанжалдың жекелеген көрінісі емес, ұзақ мерзімді салдары бар күрделі әлеуметтік құбылыс. Бұл – пәнаралық тәсілді қажет ететін көпқырлы мәселе. Тек мұғалімдер, ата-аналар, оқушылар және зерттеушілердің бірлескен күш-жігері арқылы ғана агрессияның орнын ынтымақтастық, ал үстемдіктің орнын – құрмет пен қолдау алатын орта қалыптастыруға болады.

Буллингпен тиімді күресу үшін кешенді тәсіл қажет: барлық қатысушылардың белсенді араласуы, білім беру бағдарламаларын енгізу және зардап шеккендерге жүйелі қолдау көрсету маңызды.

Буллинг – не просто частный случай конфликта, а серьезное социальное явление с долгосрочными последствиями. Это сложное междисциплинарное явление, требующее интегративного подхода. Только посредством совместных усилий учителей, родителей, учеников и исследователей возможно создание среды, где агрессия будет заменена на сотрудничество, а доминирование – на уважение и поддержку.

Эффективная борьба с буллингом требует комплексного подхода: вовлечения всех участников среды, внедрения образовательных программ и системной поддержки пострадавших.



## ӘР НӘРСЕДЕН ҒАЖАЙЫПТЫ КӨРЕ БІЛУ



### ВИДЕТЬ ЧУДО ВО ВСЕМ

**Т. В. Васько,**  
профессор ассистенті  
Халықаралық білім беру,  
корпорациясы,  
Қазақ бас  
сәулет-құрылыс академиясы  
Алматы қ.

**Креативті ойлау** – бұл жаңаша көзқараспен қарау, күтпеген байланыстар мен шешімдерді табу қабілеті. Бұл тек көркем шығармашылықпен (сурет салу, жазу, ойлап табу) ғана байланысты емес, сонымен қатар стандартты жолдар жұмыс істемеген кезде адамның қалай ойлайтыны туралы.

Креативтіліктің негізі – айналаға қызығушылықпен қарау және күнделікті дүниеден ерекше мағына таба білу. Бұл – ойлаудың балаға тән еркін әрі шынайы қыры, ал оны ересек шақта да сақтай білу – шығармашылықтың басты шарты. Креативті адамдар қиындықты қауіп ретінде емес, мүмкіндік ретінде қабылдайды. Олар күйзелісті шабыт көзіне айналдырып, одан жаңа идеялар тудыра алады. Мұндай қабілет психологиялық тұрақтылықты күшейтіп, оқу барысында жаңа ақпаратты тез игеруге, әртүрлі білім салаларын байланыстыруға көмектеседі. Ал жұмыс барысында – тың шешімдер мен жаңашыл тәсілдердің, көшбасшылықтың негізіне айналады.

**Т. В. Васько,**  
ассистент профессора,  
Международная образовательная  
корпорация,  
Казахская головная  
архитектурно-строительная академия  
г. Алматы

**Креативное мышление** – это способность видеть привычные вещи по-новому, искать неожиданные связи и решения. Это не только про художественное творчество (рисовать, писать, придумывать), но и про то, как человек думает, когда стандартные пути не работают.

Основа креативности – здоровое любопытство и способность видеть необычное в обычном. Это «детская часть» мышления, которую важно сохранять и во взрослом возрасте. Креативные люди чаще воспринимают трудности как вызов, а не как угрозу. Они умеют превращать стресс в источник идей – это делает их психологически устойчивыми, в учебе помогает быстро осваивать новое и связывать знания из разных областей, в работе – источник инноваций, оригинальных подходов, лидерства.

Креативті ойлау – прогресс, мәдениет пен өнердің негізі. Креативті адамдардың арқасында оқытудың жаңа әдістері, технологиялар мен гуманитарлық бастамалар пайда болады.

Әлем күн сайын өзгеріп жатыр: жаңа технологиялар, жаңа мамандықтар мен тың бастамалар өмірге келуде. Кеше ғана қиял-ғажайып болып көрінген дүниелер бүгінде күнделікті тіршіліктің бір бөлігіне айналды. Жасады интеллект, роботтандыру, виртуалды шындық пен биотехнологиялар – мұның бәрі тек экономиканы ғана емес, қоғамның өз құрылымын да түбегейлі өзгертіп жатыр. Адамдар арасындағы қарым-қатынастың жаңа формалары, жаңа құндылықтар, тіпті ойлау тәсілдерінің өзі жаңарып келеді. Бұрын ондаған жылдарға созылатын өзгерістер енді санаулы айлар мен жылдар ішінде жүзеге асып, адам үнемі мәлім мен беймәлімнің шекарасында өмір сүруге бейімделіп келеді.

Креативное мышление лежит в основе прогресса, культуры и искусства. Благодаря креативным людям появляются стартапы, новые методы обучения, технологии, гуманитарные инициативы.

Мир постоянно меняется: появляются новые технологии, профессии, вызовы, то, что еще вчера казалось фантастикой, сегодня становится частью повседневности. Искусственный интеллект, роботизация, виртуальная реальность, биотехнологии – эти направления меняют не только экономику, но и саму структуру общества. Появляются новые формы взаимодействия, новые ценности и даже новые типы мышления. То, что раньше требовало десятилетий, теперь происходит за несколько лет или месяцев, и человек оказывается в постоянном движении между привычным и неизвестным.

*Технологиялық өзгерістермен қатар жаңа мамандықтар да пайда болуда. Бұдан он жыл бұрын нейрожелілер мамандары, деректер этикасы бойынша сарапшылар, метадизайнерлер немесе киберпсихологтер туралы ешкім естіген жоқ. Ескі мамандықтар біртіндеп жойылып немесе түбегейлі өзгеріп, олардың орнына жаңа, тек білімді ғана емес, сонымен қатар үйрене білу, бейімделу және әртүрлі салалардағы дағдыларды шығармашылықпен біріктіру қабілетін талап ететін мамандықтар келуде. Енді фактілерді жаттап алу емес, идеялар арасындағы байланыстарды көре білу және бұрын болмаған мәселелерді шешу үшін оларды қолдана білу маңыздырақ.*

*Параллельно с технологическими изменениями появляются и новые профессии. Еще 10 лет назад никто не слышал о специалистах по нейросетям, этике данных, метадизайне или киберпсихологии. Старые профессии уходят или радикально перестраиваются, а на их месте возникают новые, требующие не только знаний, но и способности учиться, адаптироваться и творчески комбинировать навыки из разных сфер. Важно уже не столько помнить факты, сколько уметь видеть связи между идеями и использовать их для решения задач, которых раньше просто не существовало.*

Қазіргі заман адамнан жаңаша ойлауды, ашық әрі шығармашыл болуды талап етеді. Үздіксіз өзгеріп жатқан ортада креативті ойлау қабілеті басты артықшылыққа айналып отыр. Шығармашылық – өзгерістен қорықпай, оны жаңа мүмкіндіктің бастауы ретінде қабылдауға жол ашады. Жаңалыққа тез бейімделетін, тың идеяларды сынап көретін, басқалар тек қиындық деп қарайтын жерден

Эти вызовы требуют от человека нового типа мышления – гибкого, открытого, креативного. В условиях постоянных перемен именно способность мыслить творчески становится главным конкурентным преимуществом. Креативность позволяет не бояться перемен, а использовать их как возможность для роста. Люди, способные быстро перестраиваться, пробовать новое, видеть возможности

мүмкіндік көре алатын адамдар – жаңару дәуірінің қозғаушы күші, прогресс пен шабыттың қайнар көзіне айналады.

**Креативті адам** – болашақтың адамы:

- мәселелерді шешудің балама жолдарын таба алады;
- қателесуден қорықпай, жаңаны сынап көруге дайын;
- «ештеңеден» жұмыс істейтін идея ойлап таба алады.

*Креативті адамдарға өзгерістерге бейімделу оңайырақ: адам ойы жүрік болған кезде, ол «бұрыннан солай істейтінбіз» деген сияқты қалыптасқан көзқарастарға байланып қалмайды, керісінше, қалай жақсырақ жасауға болатынын іздейді.*

**Сонымен, баланы оптимизмге, қызығушылыққа қалай баулу керек?**

**Мектеп жасына дейінгі балалар (3–6 жас).** Ең алдымен, бала әрекет ететін бірнеше затты дайындап, олармен таныстыру қажет. Әр затпен не істеуге болатынын егжей-тегжейлі түсіндіріп беру маңызды. Мысалы, бұл – қасық; оның көмегімен тамақ ауызға, содан кейін асқазанға түседі. Тамақ бізге жүгіруге, секіруге, көруге, естуге күш береді. Баланың өзіне қасықпен тағы не істеуге болатынын ойлап табуды ұсынуға болады. Күтпеген нәтижелер болуы мүмкін. Логикалық дәлелдермен шектелмеген баланың қалай ойлай алатынына сіз таң қаласыз.

Келесі кезең – ойды графикалық бейнеге айналдыру. Балаға түрлі графикалық материалдарды (қарындаштар, фломастерлер) пайдалана отырып, қасықтың қиял әлемінде не істей алатынын қағаз бетіне бейнелеуді ұсыныңыз. Егер бала ойын нақты жеткізе алмаса, кішкене бағыт беруге болады: мысалы, бір сызық немесе дақ салып, оның неге айналатынын бала өзі толықтырсын. Мұнда ең бастысы – шыдамдылық таныту. Суретті қалай аяқтау, қандай оқиға ойлап табу керектігін бала өзі тандасын. Бірден түзетіп, «дұрыс / бұрыс» деп бағалауға асықпаңыз: бұл жерде маңыздысы – нәтиже емес, процесс. Балаға әртүрлі материалдарды ұсынуға болады: қағаз, конструктор, табиғи заттар, қораптар, маталар – шығармашылыққа мүмкіндік қаншалықты көп болса, соғұрлым жақсы.

Келесі кезең – ойды графикалық бейнеге айналдыру. Балаға түрлі графикалық материалдарды (қарындаштар, фломастерлер) пайдалана отырып, қасықтың қиял әлемінде не істей алатынын қағаз бетіне бейнелеуді ұсыныңыз. Егер бала ойын нақты жеткізе алмаса, кішкене бағыт беруге болады: мысалы, бір сызық немесе дақ салып, оның неге айналатынын бала өзі толықтырсын. Мұнда ең бастысы – шыдамдылық таныту. Суретті қалай аяқтау, қандай оқиға ойлап табу керектігін бала өзі тандасын. Бірден түзетіп, «дұрыс / бұрыс» деп бағалауға асықпаңыз: бұл жерде маңыздысы – нәтиже емес, процесс. Балаға әртүрлі материалдарды ұсынуға болады: қағаз, конструктор, табиғи заттар, қораптар, маталар – шығармашылыққа мүмкіндік қаншалықты көп болса, соғұрлым жақсы.

там, где другие видят лишь проблемы, становятся двигателями прогресса и вдохновения в эпоху постоянного обновления.

**Креативный человек** – человек будущего, который:

- находит альтернативные пути решения проблем;
- не боится пробовать и ошибаться;
- умеет «из ничего» создать работающую идею.

*Креативным людям легче адаптироваться к переменам: когда человек мыслит гибко, он не застревает в шаблонах вроде «всегда делали так», а ищет, как можно сделать лучше.*

**Итак, как зарядить ребенка оптимизмом, любопытством, чтобы он мог радоваться процессу обучения?**

**Дошкольники (3–6 лет).** Прежде всего нужно подготовить ряд предметов, с которыми ребенок будет взаимодействовать, и познакомить его с ними, подробно рассказать, что можно делать с помощью этих предметов. Например, это ложка: с ее помощью пища попадает к нам в рот, а потом в желудок. Пища дает нам силы бегать, прыгать, видеть, слышать. Как вариант, предложить ребенку самому придумать, что еще можно делать ложкой. Результаты могут быть самыми неожиданными. Вы будете удивлены, как может мыслить ребенок, который не обременен логичными обоснованиями.

Следующим этапом будет попытка переложить мысли в графическое изображение. Предложите ребенку с помощью разнообразных графических материалов (карандашей, фломастеров) изобразить на листе, что эта ложка может делать в выдуманном мире. Если ребенок не может сформулировать мысль, можно дать ему небольшую подсказку: например, нарисовать линию или пятно, пусть ребенок дорисует, во что оно превратится. Здесь главное – проявить терпение. Позвольте ребенку выбрать самому, как закончить рисунок, какую историю придумать. Не исправляйте сразу, не оценивайте «правильно / неправильно»: здесь важен не результат, а процесс. Можно предложить ребенку разные материалы: бумагу, конструктор, природные материалы, коробки, ткани – чем больше возможностей для творчества, тем лучше.



**Бастауыш сынып оқушылары (7–10 жас).** Бұл жастағы балалар бір-біріне үйлеспейтін нәрселерді біріктіруді ерекше жақсы көреді. Мәселен, «Егер орындықтың дөңгелектері өсіп шықса, не болар еді?» деген сұрақ қойсаңыз, жауабы компьютер орындығы (креслосы), велосипед болуы мүмкін.

*«Керісінше» ойыны:*

- Керісінше күн қалай көрінер еді?
- Демалыс күндері мектеп қандай болады?
- Егер сен мұғалім, ал мұғалім оқушы болса, не болар еді?

*Ассоциациялар ойыны:*

- ✓ «Күн» сөзіне 10 ассоциация ойлап табыңыз.
- ✓ Сосын соларды байланыстырып, шағын әңгіме құрастырыңыз.
- ✓ Елестетіп көріңіз: бұл сөз өз бетінше өмір сүре бастады.
- ✓ Біз сөздерді айтқанда қандай бейнелер, иістер, естеліктер пайда болады?
- ✓ Күлкі, кідіріс, таңданыс – кейде ассоциациялар күтпеген, тіпті абсурдты болуы мүмкін, бірақ бұл – ойынның ең қызықты тұсы.
- ✓ Бірте-бірте сөздер ағыны өзенге айналады: еркін, болжап болмайтын. Ол қатысушыларды «күннен» – «уақытқа», «балалық шақтан» – «музыкаға», «жұлдыздардан» – «ғаламға» алып кетуі мүмкін. Осы қозғалыстың, мағыналар мен дыбыстар ойынының бір жерінде ерекше сезім пайда болады – әркім өз қиялының жасырын логикасына жанасқандай болады. Ойын аяқталады, бірақ жадымызда адамдарды ережелермен емес, ойлармен және қиялдың ішкі жарығымен байланыстыратын жіптер қалады.

**Жасөспірімдерге брейнштурминг** әдісін ұсынуға болады – бұл мәселелерді ұжымдық түрде шешудің тәсілі, онда қатысушылар еркін пікір алмасу барысында мүмкіндігінше көп идея ұсынады, тіпті ең ерекше, тосын ойлар да қабылданады. Идеяларды ұсыну кезеңінде сын айтуға тыйым салынады, ал келесі кезеңде ұсынылған нұсқалар талданып, ең қолайлысы таңдалады.

**SCAMPER әдісі** – шығармашылық құрал, оны америкалық педагог, креативті ойлауды дамыту маманы Боб Эберле ойлап тапқан. Бұл 7 негізгі әрекетті пайдаланып, өнімді өзгеше жасауға болады.

**Младшие школьники (7–10 лет).**

Дети очень любят сочетать несочетаемое. Например, если им задать вопрос: «Что получится, если у стула вырастут колеса?»: компьютерное кресло, велосипед.

*Игра «Наоборот»*

- Как выглядел бы день наоборот?
- Как выглядит школа в выходные?
- Что бы было, если бы ты стал учителем, а учитель учеником?

*Игра в ассоциации*

- ✓ Придумайте 10 ассоциаций к слову солнце.
- ✓ Потом попробуйте связать их в рассказ.
- ✓ Представьте, что слово начинает жить своей собственной жизнью.
- ✓ Какие образы, запахи, воспоминания рождаются, когда мы произносим слова?
- ✓ Смех, паузы, удивление: иногда ассоциации неожиданные, абсурдные, но именно в этом прелесть игры.
- ✓ Постепенно поток слов становится, как река: свободной, непредсказуемой. Она может унести участников от «солнца» к «времени», от «детства» к «музыке», от «звезд» к «галактике». И где-то в этом движении, в этой игре смыслов и звуков рождается особое чувство, будто каждый прикасается к тайной логике собственного воображения. Игра заканчивается, но в памяти остаются эти нити, которые соединяют людей не правилами, а мыслями, спонтанностью и внутренним светом фантазии.

**Подросткам** можно предложить **брейнштурминг** – метод коллективного поиска решений проблем, при котором участники генерируют максимальное количество идей, даже самых неординарных, в процессе свободного обсуждения. На этапе генерации идей критика запрещена, а на последующем этапе полученные варианты анализируются и отбираются наиболее подходящие.

Существует творческий инструмент – метод **SCAMPER**, изобретенный Боб Эберле – американским педагогом, специалистом по развитию творческого мышления. С использованием 7 ключевых действий можно модифицировать существующую идею или продукт для создания нового.



### SCAMPER

- *S – Substitute* (ауыстыр);
- *C – Combine* (біріктір);
- *A – Adapt* (бейімде);
- *M – Modify / Magnify / Minify* (өзгерт / үлкейт / кішірейт);
- *P – Put to other use* (басқа мақсатта қолдан);
- *E – Eliminate* (алып таста);
- *R – Reverse / Rearrange* (кері бұр / қайта ретте).

Мәселен, *Scamper* әдісінің принциптері арқылы кәдімгі қолшатырды қалай өзгертуге болады?

*S:* жолды көру үшін қолшатырдың матасын мөлдір материалға ауыстыру; қолшатыр сынбау үшін металл сабын желге сынбайтын икемді көмірпластикке ауыстыру; сабын Bluetooth және GPS-трекері бар смарт-ұстағышқа ауыстыру.

*C:* қолшатырды бас киіммен біріктіру арқылы қолмен ұстамай-ақ пайдалану; қолшатырдың үстіңгі бөлігіне күн энергиясын жинайтын панель орнатса, жолда жүргенде телефонды қуаттауға мүмкіндік береді; қолшатырға жарық шамын немесе бағыт-бағдар көрсететін шағын камераны қосу – қараңғыда жол тауып, қауіпсіз жүруге көмектеседі.

*A:* желді ауа райына бейімдеу – аэродинамикалық пішін беру; қатты күн сәулесінен қорғау – УФ-фильтр немесе салқындатқыш қабат қосу; балаларға арнап ойын элементтерін немесе жаңбырда түсін өзгертетін ерекше материалдарды пайдалану.

*M:* бірнеше адамды қорғау үшін қолшатырдың диаметрін үлкейту; қалтаға салып жүруге ыңғайлы болу үшін өлшемін кішірейту; жаңбырдан қорғау аумағын үлкейту үшін пішінін өзгерту. Мәселен, төртбұрышты етіп жасау; сондай-ақ сабын телескоптық етіп созылатын немесе қолға ыңғайлы етіп жасаса оны пайдалануды әлдеқайда жеңілдетеді.

*P:* қолшатырды жағажайда күннен қорғайтын тент ретінде пайдалану; декоративті элементке айналдыру (шам, ваза, аспалы әшекей); аударылған күйде жаңбыр суын жинауға арналған ыдыс ретінде қолдану.

*E:* металл қаңқаны алып тастау – үрлемелі қолшатыр жасау; сабын алып тастау; ашылу механизмін жеңілдету – қол қозғалысына жауап беретін батырмасыз автомат.

### SCAMPER

- *S – Substitute* (замены);
- *C – Combine* (объедини);
- *A – Adapt* (адаптируй);
- *M – Modify / Magnify / Minify* (модифицируй / увеличь / уменьши);
- *P – Put to other use* (используй по-другому);
- *E – Eliminate* (исключи);
- *R – Reverse / Rearrange* (переверни / переставь).

Например, как можно изменить обычный зонт с помощью принципов метода *Scamper*?

*S:* заменить ткань купола на прозрачный материал, чтобы видеть дорогу; заменить металлические спицы на гибкий углепластик, чтобы зонт не ломался от ветра; заменить ручку на смарт-рукоятку с Bluetooth и GPS-трекером.

*C:* объединить зонт с плащом или капюшоном, чтобы не держать его руками; добавить солнечную панель на купол для зарядки телефона; комбинировать зонт с фонариком или встроенной камерой для навигации в темноте.

*A:* адаптировать зонт для ветреной погоды – придать ему аэродинамическую форму; приспособить для защиты от интенсивных солнечных лучей, зноя – добавить УФ-фильтр или охлаждающий слой; сделать детский вариант с игровыми элементами или цветами, меняющимися от дождя.

*M:* увеличить диаметр купола для защиты нескольких человек; уменьшить размер – сделать компактный (карманный) зонт; изменить форму, например, квадратный купол; модифицировать ручку в телескопическую или эргономичную.

*P:* использовать как солнечный тент на пляже: превратить в декоративный элемент (лампу, вазу, подвес); использовать в перевернутом виде как емкость для сбора дождевой воды.

*E:* убрать металлический каркас – сделать надувной зонт; исключить ручку; упростить механизм открытия – автомат без кнопок, реагирующий на движение руки.

*R:* сделать зонт, открывающийся наоборот (как обратные модели, где вода остается внутри); переставить спицы внутрь купола, чтобы избежать зацепок; перевернуть логику – зонт от солнца и дождя, крепящийся на рюкзаке.



*R:* кері ашылатын қолшатыр жасау; қолшатырдың сымдары ілініп қалмау үшін ішкі жағына ауыстыру; логиканы өзгерту – күн мен жаңбырдан қорғайтын қолшатырды сөмкеге бекіту.

SCAMPER әдісін қолдана отырып, көптеген инновациялық қолшатырларды ойлап табуға болады: ауа-райын өлшейтін құралы бар ақылды қолшатыр; қолды босататын жамылғы-қолшатыр; трансформер-қолшатыр (қолшатыр → тент → плащ); өсімдіктерді суару үшін жаңбыр суын жинайтын экоқолшатыр және т.б.

Оқу мен талқылау арқылы қиялды дамыту – адамның ой-санасын, сезімін және тұлғалық болмысын дамытудың ең тиімді әрі табиғи жолдарының бірі. Бұл үдеріс тек ақпарат алумен шектелмейді, ол адамның ішкі әлемін байытып, қиялын ұштайды. Біз кітапты оқығанда дайын суреттерді көрмейміз – миымыз кейіпкерлердің бейнесін, оқиға орнын, дыбыстар мен иістерді өзімізше елестетіп, бейнелеп шығарады. Осы арқылы шығармашылық ойлау мен көз алдына елестетуге жауапты ми бөліктері белсенді жұмыс істей бастайды. Кейіпкерлердің сезімі мен шешімдерін түсіне отырып, адам өзге біреудің көзқарасымен әлемге қарады үйренеді – бұл эмоциялық қиялды дамытудың маңызды жолы. Кітаптар бізді бұрын-соңды көрмеген мәдениеттермен, тарихи кезеңдермен, таңғажайып әлемдермен және түрлі ойлау жүйелерімен таныстырады. Оқу барысында миымыз шынайы өмірдің күрделі құрылымдарын түсінуге, оларды өзімізше құрастыруға машықтанады.

Осылайша, балаңызбен бірге кітап оқып, оны талқылай отырып, қиялды дамытуға болады.

*Используя SCAMPER, можно придумать массу инновационных зонтов: умный зонт с датчиками погоды; зонт-накидка, освобождающий руки; зонт-трансформер (зонт → тент → плащ); экозонт, собирающий дождевую воду для полива растений и т. д.*

Развитие воображения через чтение и обсуждение – одна из самых эффективных и естественных форм интеллектуального и эмоционального развития и личностного роста человека. Когда мы читаем, мы не получаем готовых картинок: мозг сам «дорисовывает» персонажей, места, звуки и запахи. Это активирует зоны, отвечающие за визуализацию и креативное мышление. Читая о героях, их чувствах и решениях, человек учится смотреть на мир глазами других, что помогает развивать эмоциональное воображение. Книги знакомят с новыми культурами, временами, мирами и логиками. В процессе чтения мозг учится строить более сложные модели реальности.

Так, читая книги вместе с ребенком и обсуждая их, можно целенаправленно развивать воображение.



**Оқу мен талқылау арқылы қиялды дамытудың тәсілдері**

- ❖ *Үзіліспен оқу.* Әр эпизодтан кейін өзіңізге және балаңызға сұрақтар қойыңыз:
  - Мен бұл орынды қалай елестетемін?
  - Оқиға басқаша қалай өрбуі мүмкін еді?
  - Бұл кейіпкер қандай сезім тудырады?
- ❖ *Басқа шешімдер.* Оқиғаның өзгеше аяқталу жолын ұсыныңыз – бұл шығармашылық ойлауды жетілдіреді.
- ❖ *Рөлдік талқылау.* Мәтінді әртүрлі кейіпкерлердің атынан талқылаңыз. Бұл кейіпкерлердің мотивациясын тереңірек түсінуге көмектеседі және эмпатиялық қиялды жаттықтырады.
- ❖ *Оқылғанға иллюстрациялар.* Сахнаны қалай елестететініңізді суреттеп жазыңыз немесе салыңыз – ішкі бейнелерді сыртқы формаға көшірудің тамаша тәсілі.
- ❖ *Кітап пен экранизацияны салыстыру.* Фильм режиссері мәтінді қалай визуализациялағанын талқылаңыз. Не сіздің елестетуіңізбен сәйкес келді, ал не сәйкес келмеді? Неліктен?

**Қиялды дамытуға арналған көркем шығармалар**

**Балаларға**

- Л. Кэрролл «Алиса ғажайыптар әлемінде»

**Жасөспірімдерге**

- Дж. Толкин «Хоббит»

**Ересектерге**

- Г. Гарсиа Маркес «Жүз жылдық жалғыздық»
- М. А. Булгаков «Майталман шебер мен Маргарита»

**Приемы развития воображения через чтение и обсуждение**

- ❖ *Чтение с остановками.* После каждого эпизода задавайте себе и ребенку вопросы.
  - Как я представляю это место?
  - Как могло бы развиваться действие иначе?
  - Какие чувства вызывает этот герой?
- ❖ *Альтернативные концовки.* Придумайте другие варианты финала истории – это активизирует творческое прогнозирование.
- ❖ *Ролевая дискуссия.* Обсуждайте текст от имени разных персонажей. Это помогает глубже понять мотивацию героев и тренирует воображение в сфере эмпатии.
- ❖ *Иллюстрации к прочитанному.* Нарисуйте или опишите словами, как вы видите сцену, – отличный способ перенести внутренние образы на внешний план.
- ❖ *Сравнение книги и ее экранизации.* Обсудите, как режиссер фильма визуализировал текст. Что совпало с вашим воображением, а что нет? Почему?

**Художественные произведения для развития воображения**

**Детям**


- А. Линдгрэн «Мио, мой Мио»
- Л. Кэрролл «Алиса в Стране чудес»
- Дж. Родари «Грамматика фантазии»

**Подросткам**

- Дж. Толкин «Хоббит»
- Р. Брэдбери «Марсианские хроники»

**Взрослым**

- Г. Гарсиа Маркес «Сто лет одиночества»
- Х. Л. Борхес «Вымышленные миры»
- М. А. Булгаков «Мастер и Маргарита»





*Бала үшін ересектердің қолдауы өте маңызды. Біз оқығанды бірге талқылағанда, «Түсіндің бе?» сияқты ресми сұрақтармен шектелмеу керек, өйткені мұндай сұрақтарда ойлануға орын жоқ. Одан да тиімдісі – ашық сұрақтар қою, яғни мағынаны іздеуге шақыратын сұрақтар: «Қалай ойлайсың, неге кейіпкер дәл осылай әрекет етті?», «Сеніңше, автор не айтқысы келді?» деген сияқты. Мұндай сұрақтардың жалғыз дұрыс жауабы болмайды: олар қиялды оятады, ой жүгіртуге, ішкі диалогқа итермелейді.*

*Ребенку очень важна поддержка со стороны взрослых. Когда мы беседуем о прочитанном, важно не ограничиваться формальными вопросами вроде «Ты понял?», ведь в них нет пространства для размышления. Гораздо плодотворнее задавать вопросы открытые, приглашающие к поиску смысла: «Как ты думаешь, почему герой поступил именно так?», «Что, по-твоему, автор хотел сказать?» Такие вопросы не требуют единственно верного ответа: они будят воображение, побуждают к рассуждению, внутреннему диалогу.*



Қабылдау процесінің өзіне қызығушылық таныту да маңызды. «Кітап ұнады ма?» деген сұрақтың орнына мынадай сұрақтарды қойып көріңіз: «Сені ерекше толқытқан не болды? Қай көрініс есінде ерекше сақталып қалды? Неліктен?»

Мұндай тәсіл түсініктің қалай пайда болатынын, не нәрсенің ішкі әсер тудыратынын, мәтін қандай бейнелер мен сезімдерді оятатынын көруге көмектеседі.

Ақырында, адамның ойлау қабілетін дамытудың ең тиімді жолы – үлгі болу. Өз ойларыңызды, күмәндеріңізді, байланыстырған ұғымдарыңызды ашық айтып отырыңыз. Жауапты қалай іздейтініңізді, автордың пікірімен қалай келіспейтініңізді немесе келісетініңізді, оқыған сайын көзқарасыңыздың қалай өзгеретінін дауыстап жеткізіңіз. Жанында тірі, шынайы ой айтылып жатқанын естігенде, адам да соған үн қосқысы келеді: ойланады, елестетеді, пікір алмасуға ұмтылады, жаңа мағыналарды іздей бастайды.

Мұндай тәсіл – түсініктің қалай қалыптасатынын, қандай сәттер адамның ішкі үнін оятатынын, мәтіннің қандай бейнелер мен сезімдерді қозғайтынын көруге мүмкіндік береді.

Не менее важно интересоваться не только результатом, но и самим процессом восприятия. Вместо привычного «Понравилась ли тебе книга?» попробуйте спросить: «Что особенно тронуло тебя? Какая сцена запомнилась больше всего? Почему?»

Такой подход помогает увидеть, как рождается понимание, что именно вызывает отклик, какие образы и чувства пробуждает текст.

И, наконец, лучший способ развить в другом человеке способность к размышлению – показать пример. Делитесь собственными мыслями, сомнениями, ассоциациями. Говорите вслух о том, как вы ищете ответы, как спорите с автором, как меняется ваше мнение по мере чтения. Когда рядом звучит живая, искренняя мысль, хочется ответить тем же: размышлять, фантазировать, спорить и открывать новые смыслы...



## ШЫРШАНЫ ҚАУІПСІЗ БЕЗЕНДІРЕЙІК!

### Шыршаны бірге безендір

Әшекейлерді ата-анаңмен немесе үлкендермен бірге таңда

### Қауіпсіз ойыншықтарды таңда

Сынық, өткір немесе шыныдан жасалған ойыншықтарды қолданба.  
Жұмсақ, пластик немесе қағаздан жасалған әшекейлерді таңда.

### Гирлянданы өзің қоспа

Электр шамдарын тек үлкендер қосады.  
Сен тек әшекей ілуге көмектес.

### Шыршаның жанында абай бол

Шам жанып тұрғанда шыршаны жалғыз қалдырма.  
Шыршаның жанында от жақпа.

### Тәртіпті сақта

- Әшекейлерді дұрыс іліп, шыршаны құлатпауға тырыс.
- Қолыңды жарақаттамау үшін абай бол.
- Шыршаны орнықты қой
- Шырша құлап кетпес үшін мықтап бекіту керек.
- Гирлянданы ұзақ уақытқа қосып қойма, қажет кезде ғана жандыр.
- Үлкендерге сымдардың бүтіндігін тексеру керек екенін ескертіп айт.

### Үй жануарларын қорға

Мысық пен итті шыршадан алыс ұста, секіріп кетпеуін қадағала.

**ҚАУІПСІЗДІК САҚТАЛСА – МЕРЕКЕ  
ШАТТЫҚҚА ТОЛЫ БОЛАДЫ!**

## УКРАСИМ ЕЛКУ БЕЗОПАСНО!

### Украшаем елку вместе

Выбирай игрушки и украшения вместе с родителями или другими взрослыми.

### Выбирай безопасные игрушки

Не используй сломанные, острые или стеклянные украшения.  
Отдавай предпочтение мягким, пластиковым или бумажным игрушкам.

### Не включай гирлянду сам

Электрические огни включают только взрослые.  
Ты можешь помогать только вешать украшения.

### Будь осторожен рядом с елкой

Не оставайся один возле елки с включенной гирляндой.  
Никогда не разводи огонь рядом с елкой.

### Соблюдай порядок

- Вешай украшения аккуратно, чтобы елка не упала.
- Будь внимателен, чтобы не поранить руки.
- Ставить елку нужно устойчиво.
- Чтобы она не упала, ее нужно крепко закрепить.
- Не оставляй гирлянду включенной надолго.
- Напоминай взрослым, что нужно проверить целостность проводов.

### Береги домашних питомцев.

Следи, чтобы кошка или собака не подходили близко к елке и не запрыгивали на нее.

**ЕСЛИ СОБЛЮДАТЬ БЕЗОПАСНОСТЬ,  
ПРАЗДНИК БУДЕТ ПОЛОН РАДОСТИ!**

## БАЛА ЖӘНЕ ОЙЫНШЫҚ: КІМ КІМДІ ТӘРБИЕЛЕЙДІ?



## РЕБЕНОК И ИГРУШКА: КТО КОГО ВОСПИТЫВАЕТ?

**С. Е. Нурахметова,**  
редактор,  
«Өркен» балалардың әл-ауқатын  
арттыру  
ұлттық ғылыми-практикалық  
институты,  
Алматы қ.

**С. Е. Нурахметова,**  
редактор,  
Национальный научно-  
практический  
институт благополучия детей  
«Өркен»,  
г. Алматы

**Ойыншық** – баланың тұлғалық болмысының қалыптасуына, дамуына әсер ететін дүние екенін ұмытпағанымыз жөн. Алайда, соңғы уақытта ойыншықтың балаға әсерінен бұрын, коммерциялық пайдасын ойлап тұрамыз. Тіпті, табыс көзіне айналдырған трендтегі ойыншықтардың көзге көрінбейтін тәрбиелік цензуранының құралына айналып бара жатқанын көріп жүрміз.

**Игрушки** – это важный элемент, влияющий на формирование и развитие личности ребенка. Об этом не стоит забывать. Однако в последнее время внимание все чаще смещается не на их влияние на детей, а на коммерческую выгоду. Более того, мы станем свидетелями того, как модные игрушки, превращенные в источник дохода, постепенно становятся инструментом невидимой воспитательной цензуры.

*Бала – қоғамның болашағы, ал сол болашақтың іргетасын қалай қалап жатқанымызды ойлау тіпті қорқынышты. Себебі, ойыншық баланың алғашқы серігі, ал ол серік кімге қызмет етіп жүргенін зерттеп көрдік пе? Біз үшін бала денсаулығы маңызды ма, әлде коммерциялық мүдде ме?*

*Жалпы, кім-кімді тәрбиелеп жүр? Ойыншық арқылы бала қоршаған ортасын таниды, эмоциясын дамытады, рөлдік ойындарды үйренеді. Қарапайым қуыршақ немесе көлік – баланың болашақтағы кәсіптік рөлін бейсаналы түрде қалыптастыратын күшті құрал бола алады.*

«Еркебай» арқылы «тапқыр болу керек», «қиындықта қорықпай, шешім табу керек», «шын өмірді көру – маңызды» деген идеялар жеткізіледі. Фильм соңында Еркебай ата-анасына өзінің шынайы өмірді көргісі келетінін, достармен ойнағысы келетінін, мектепке барғысы келетінін айтады. Бұл баланың еркіндігі мен дамуына арналған маңызды шешімі еді.

«Еркебай» – қазақ киносының балаларға арналған жарқын туындысы. Ол күлкіге, тапқырлыққа, батылдыққа толы. Бұл фильм балаларды ойлануға, әрекет етуге, достық пен мейірімділікке үйретеді.

«Еркебай» – тек күлкіге толы фильм емес, ол – қазіргі заман баласының ішкі әлемін, тапқырлығын, еркіндікке деген ұмтылысын бейнелейтін ерекше туынды. Еркебайдың әрбір әрекеті – баланың қиялы мен еркін ойлау қабілетінің көрінісі.

Еркебай – жаңа буынның қаһарманы, ол – қорғансыз емес, керісінше, ақылымен қорғанатын бала.

Жалпы алғанда, фильм жеңіл әзілге құрылған, көрерменге көтеріңкі көңіл-күй сыйлайды. Темпі сәл баяу болғанымен, оқиға желісі қызықты. Жанрға жаңалық әкелмесе де, отбасымен бірге көруге лайықты туынды.

Жаңа жыл – жақсылық пен үміттің, отбасылық жылылықтың мерекесі. Бұл мерекеде шанамен сырғанап, шыршаны безендіріп, «Еркебай» фильмін көріп, жақындарыңызбен бірге күліп, ерекше көңілмен қарсы алыңыз. Бұл – жай ғана кино емес, баланың жүрегіне жол табатын, күлкі мен мейірімге толы оқиға.

Жаңа жылда жақсы фильм көріп, жақсы көңіл-күймен жаңа парақты бастаңыз!

В финале фильма Еркебай говорит своим родителям, что хочет увидеть настоящий мир, играть с друзьями и пойти в школу. Это становится важным решением, символизирующим стремление ребенка к свободе и личностному развитию.

«Еркебай» – яркое произведение казахского кино, созданное для детей. Фильм наполнен юмором, находчивостью и смелостью. Он учит детей размышлять, действовать, ценить дружбу и доброту. Это не просто комедия, вызывающая смех, но и особенное произведение, отражающее внутренний мир современного ребенка, его сообразительность и стремление к свободе. Каждое действие Еркебая – это проявление детской фантазии и способности мыслить свободно и нестандартно.

Еркебай – герой нового поколения. Он не беззащитен, а, наоборот, защищается с помощью ума.

Фильм построен на легком юморе и дарит зрителям хорошее настроение. Несмотря на немного замедленный темп, сюжет остается увлекательным. Хотя он не приносит новизны в жанр, это достойная картина для семейного просмотра.

Новый год – это праздник добра, надежды и семейного тепла. В этот волшебный период украсьте елку, катайтесь на санках, смотрите фильм «Еркебай» и встречайте праздник с улыбкой и особым настроением в кругу близких. Это не просто кино – это история, наполненная смехом и добротой, которая находит путь к сердцу и детей, и взрослых.

Начните Новый год с хорошего фильма и отличного настроения. Откройте новую страницу с радостью!



## ЖАҢА ЖЫЛДЫҚ ДЕМАЛЫСТЫ ҚЫЗЫҚТЫ ӘРІ ҚАУІПСІЗ ӨТКІЗЕЙІК!

### ● **Үйде**

- Шыршаны отбасыңмен бірге безендір.
- Қауіпсіз ойыншықтар мен әшекейлерді таңда.
- Жаңа жылда қауіпсіздік ережелерін сақта.

### ● **Оқу мен даму**

- Күніне кемінде 20 минут кітап оқы.
- Жаңа сөздер немесе қызықты деректерді ізде.
- Шығармашылықпен айналыс: сурет салу, қолөнер, шыршаға арналған ойыншықтарды өз қолыңмен жасап көр т.б.

### ● **Ойын-сауық**

- Достарыңмен үстел ойындарын ойна.
- Қысқы мультфильмдер мен киноларды тамашала.
- Жаңа жылдық әндерді тыңда.

### **Далада** ●

- Аққала жаса.
- Шаңғы, коньки немесе шанамен ойна.
- Жылы киінуді ұмытпа.

### **Жақсылық жасау** ●

- Үйде ата-анаңа көмектес.
- Жақындарыңа жылы сөз айт.



**ЖАҢА ЖЫЛДЫҚ КАНИКУЛДЫ ҚУАНЫШПЕН ӨТКІЗІП,  
ӘР КҮНДІ ПАЙДАЛЫ ЕТІП ӘСЕМДЕЙІК!**

## ПРОВЕДЕМ НОВОГОДНИЕ КАНИКУЛЫ ВЕСЕЛО И БЕЗОПАСНО!



### ● **Дома**

- Украшай елку вместе с семьей.
- Выбирай безопасные игрушки и украшения.
- Соблюдай правила безопасности в праздники.

### ● **Учеба и развитие**

- Читай книги не менее 20 минут в день.
- Учи новые слова и находи интересные факты.
- Занимайся творчеством: рисуй, делай поделки, попробуй изготовить игрушки для елки своими руками.

### ● **Развлечения**

- Играй с друзьями в настольные игры.
- Смотри мультфильмы и фильмы на зимнюю тему.
- Слушай новогодние песни.

### **На улице** ●

- Играй с друзьями в настольные игры.
- Смотри мультфильмы и фильмы на зимнюю тему.
- Слушай новогодние песни.

### **Делай добро!** ●

- Помогай родителям дома.
- Говори теплые слова близким.



**ПРОВЕДЕМ НОВОГОДНИЕ КАНИКУЛЫ С РАДОСТЬЮ  
И СДЕЛАЕМ КАЖДЫЙ ДЕНЬ ПОЛЕЗНЫМ И КРАСИВЫМ!**



## КЕДЕРГІЛЕРДІ ЖЕҢІП, КӨПІР ОРНАТАЙЫҚ АТА-АНАМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫ ҚАЛАЙ ЖАЗСАРТУҒА БОЛАДЫ?

### РУШИМ СТЕНЫ, ВОЗВОДИМ МОСТЫ КАК НАЛАДИТЬ ОТНОШЕНИЯ С РОДИТЕЛЯМИ?



Ата-анамен қарым-қатынас әрдайым мінсіз бола бермейді: әр буын өкілдері дүниені әртүрлі көреді. Бірақ бұл – қолды бір сілтеп, өзара байланысты үзуге себеп емес.

**Алдымен жақсы жақтарынан бастаңыз.** Ата-анамен қарым-қатынас соншалықты нашар болып, үмітсіз көрінген жағдайда да, нөлден өзара түсіністікке жету оңай емес екенін есте сақтаңыз және ол бір күнде шешілмейді. Жақсы жақтарға назар аударып, жағымды тәжірибені көбейтіңіз.

*Қазіргі жағдай көңілге қонбаса, жылы естеліктерге сүйеніңіз: анаңыздан бала кезіңіздегі сүйікті тағамның рецептіңізді сұраңыз, ата-анаңызбен бірге отбасы альбомын ақтарып көріңіз, суреттердің тарихын біліп қызығыңыз.*

**Кешіріңіз.** Ренішті артта қалдыруға көмектесетін нәрсе – ата-ананың мінсіз еместігін, бірақ өздерінше тырысқанын және ең болмағанда сізді асырап, бала кезіңізде күтім жасағанын түсіну. Нәрселер өздігінен өмір сүре алмайды, ал сіз тірісіз – демек, ең нашар ана мен әке де бүгінгі өміріңізге үлес қосқан.

Ақыр соңында, жағымсыз тәжірибе де – мұра. Ол сізді болашақта өз балаларыңызға ата-ана ретінде әлдеқайда жақсы болуға жетелейтін сабақ болып табылады.

Отношения с родителями редко бывают безупречными: люди из разных поколений видят мир по-разному. Но это не повод опустить руки и не попытаться прийти к взаимопониманию.

**Начните с плюсов.** Когда отношения с родителями настолько плохи, что кажутся безнадежными, помните, что достижение взаимопонимания с нуля – задача не из легких и не решается одним днем. Концентрируйтесь на плюсах и умножайте позитивный опыт.

*Если в текущем положении вещей хорошего мало, опирайтесь на теплые воспоминания: попросите у мамы рецепт любимого блюда детства, полистайте вместе с родителями семейный альбом, поинтересуйтесь историей фотографий.*

**Прощайте.** Отпустить обиды помогает осознание того, что родители неидеальны, но по-своему старались и как минимум содержали вас и ухаживали за вами в детстве. Учитывая, что младенцы недееспособны, а вы живы, даже самые ужасные мама и папа внесли вклад в ваше сегодняшнее существование.

В конце концов, негативный опыт – тоже наследие, благодаря которому вы стали на порядок лучше как будущие родители для своих будущих детей.



*Ренішті іште сақтамаңыз, ата-ананы кешіруге тырысыңыз және оларды бар қалпында қабылдауды үйреніңіз.*

*Не таите обид, постарайтесь простить родителей и учитесь их принимать такими, какие они есть.*

**Қолдан келгенше үлгілі бала болуға тырысыңыз.** «Алдымен өзіңнен баста» деген кеңес көбіне ашуландырады, бірақ мұнда мән бар. Ата-анаға уақыт беріңіз: олар сіздің енді кішкентай бала емес екеніңізді, түбегейлі өзгергеніңізді түсініп, сізбен жаңа қырынан сөйлесуді үйренуі керек. Татуласуға алғашқы қадам жасағаннан кейін бірден жылылық күтпеңіз. Алғашқы талпыныстарыңыз мұзды ерітуге бағытталғанымен, оларды түсінбеуі немесе күдікпен қабылдауы мүмкін.

**Будьте по возможности примерным ребенком.** Ничто так не раздражает, как совет начать с себя, но тем не менее в этом определенно есть свой смысл. Дайте родителям время перестроиться и осознать, что вы уже не маленький ребенок, вы кардинально изменились и общаться с вами нужно по-новому. Не ждите оттепели после первого же шага к примирению с вашей стороны. Сперва ваши попытки растопить лед могут быть непонятными и даже вызвать подозрения.



*Шынайы қызығушылық танытыңыз, байланыста болыңыз және қамқорлықты жауапты бірден күтпей көрсетіңіз – көп ұзамай жағымды нәтижелерді байқайсыз.*

*Выказывайте искренний интерес, поддерживайте контакты и проявляйте заботу без ожидания мгновенного отклика – и вскоре вы заметите позитивные результаты.*

**Сізді мазалайтын нәрсені мойындаңыз.** Ата-анаңызға шыншыл болыңыз. Олардың әрекеттері жүйкеңізді тоздырса да, ашықтық кез келген жағдайды құтқара алады. Истеріксіз, дауыс көтермей айтылған радикалды шындық адамдар өз қателіктерін ашық мойындауға дайын болмаса да, керемет нәтижелерге жеткізуі мүмкін. Әйтпесе реніштер тек жинала береді де, қарымқатынас одан сайын нашарлайды.

**Признайтесь в том, что вас беспокоит.** Будьте честны с родителями. Даже если их действия сводят вас с ума, откровенность может спасти любую ситуацию. Радикальная правда без истерики и повышенного тона способна творить чудеса, даже когда люди не готовы признать свои ошибки открыто. В противном случае обиды будут лишь копиться, и отношения станут только хуже.

**Алғыс айтуға себеп табыңыз.** Әрбір ата-ана баласын тәрбиелеу барысында бәрін дұрыс жасағанына толық сенімді болғысы келеді. Егер бала оған ризашылығын білдірсе – миссия орындалды, өмір босқа өткен жоқ.

**Найдите повод для благодарности.** Каждый родитель хочет быть абсолютно уверенным, что сделал все правильно в процессе воспитания своего ребенка. И если ребенок благодарен ему – миссия выполнена, жизнь прожита не зря.



*Ата-анаңызға бақытты балалық шақ үшін, жарқын естеліктер үшін, ақылкестері, қолдауы мен көмегі үшін алғыс айтыңыз. «Рақмет!» деуге аз да болса себеп табыңыз.*

**Алғыс – кез келген жүрекке, әсіресе атаананың жүрегіне апаратын әмбебап кілт.**

**Бірге уақыт өткізіңіз.** Балалар назарды қажет етеді. Уақыт өте келе жағдай керісінше өзгереді. Енді ата-аналар көңіл бөлуді күтеді, өйткені оларға балалары алыстап кеткендей көрінеді. Шынайы бақытты отбасылар бірге өткізген уақытты қуанышты естеліктерге айналдыра алады.

Бұл қарым-қатынасты міндет ретінде емес, жүрек қалауымен жасаған жөн. Жақын болуға деген ниетіңіз шынайы екеніне сенімді болыңыз.

*Благодарите родителей за счастливое детство, за яркие воспоминания, за советы, поддержку и помощь. Найдите любой, хотя бы маломальский, повод сказать «Спасибо!»*

**Благодарность – универсальный ключ к любому сердцу, особенно родителю.**

**Проводите время вместе.** Дети требуют внимания. С течением времени ситуация меняется на прямо противоположную – внимания требуют уже родители, которым кажется, что ребенку они становятся все более безразличны.

Счастливые семьи умеют проводить время вместе, так, чтобы конвертировать его в радостные моменты общения.

Ни в коем случае не делайте одолжение, убедитесь, что вы искренне хотите почаще быть ближе в буквальном смысле.

*Бірге өткізген уақыт – тек ата-анаға ғана емес, кез келген қарым-қатынасқа салынған құнды инвестиция.*

*Совместно проведенное время – инвестиция в любые отношения, не только с родителями.*

**Ортақ қызығушылық табыңыз.** Дәл солар сізді үйірмеге апарды, бояулар мен қылқалам, ролик пен коньки, велосипед сатып әперді, бәлкім, кесте тігуді, тамақ пісіруді үйретті. Ата-анаңызбен бірге алғашқы сериалдарды көрдіңіз, сүйікті спортшыларға жанкүйер болдыңыз, циркке, киноға, театрға бардыңыз, табиғатқа шықтыңыз, саяжайға, ауылға әже-атаңызға қонаққа бардыңыз, отбасылық серуен ұйымдастырдыңыз...

Сізді ортақ естеліктер байланыстыратыны анық, тіпті олар аса жағымды болмаса да – бұл өмір, онда бәрі әрдайым тегіс бола бермейді. Үлкен ықтималдықпен сізде әлі де ортақ қызығушылықтар бар.

*Неге сіздерді біріктіретін, отбасы ететін ортақ дүниелерді қарым-қатынасты нығайту үшін пайдаланбаққа?*

Өзіңізге де, ата-анаңызға да қызықты болатын іс-шараға билет алыңыз, екеуіңізді де толғандыратын соңғы жаңалықтарды бірге талқылаңыз.

**Найдите общие интересы.** Это родители отвели вас в кружок, отдали в спортивную секцию, купили вам краски и кисти, ролики и коньки, велосипед, а может, научили вышивать, готовить... Это с родителями вы смотрели первые сериалы, болели за любимых спортсменов, ходили в цирк, кино, театр, выезжали на природу, ездили на дачу, в деревню к бабушке с дедушкой, устраивали семейные пикники...

Наверняка вас связывают общие воспоминания, пусть даже не очень приятные, но это жизнь, и в ней не все и не всегда бывает гладко. Более чем вероятно, что у вас еще есть общие интересы.

*Почему бы не использовать все то общее, что вас объединяет и делает семьей, для укрепления взаимоотношений?*

Купите билеты на интересное вам и родителям мероприятие, обсудите последние новости, которые волнуют и вас, и их.

**Сұрақ қойыңыз.** Қарым-қатынасты жақсартудың жолдарын соқыр іздеудің орнына эволюцияның жетістігі – анық сөйлеуді пайдаланыңыз.

**Задавайте вопросы.** Вместо попыток нащупать возможности для улучшения общения вслепую пользуйтесь достижением эволюции – внятной речью.

**Қарым-қатынасты жақсартудың ең жылдам әрі тиімді жолы – не дұрыс емес екенін тікелей сұрау.**

**Самый быстрый и эффективный способ сделать отношения лучше – прямо спросить, что не так.**

Сіздердің мәселені көру көзқарастарыңыз әртүрлі болуы әбден мүмкін. Өзара ымыраға келу тек ашық диалог, тура әрі шынайы сұрақтар мен жауаптар арқылы ғана мүмкін болады...

Почти наверняка у вас разное видение проблемы. И прийти к взаимному компромиссу можно только путем открытого диалога, прямых, откровенных вопросов и честных ответов...





## БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ОЙЫНДАР

### ИГРЫ ДЛЯ ДЕТЕЙ

**С. Е. Башкаева,**

психолог, қоғам және медиамен  
өзара іс-қимыл бөлімінің  
маманы, «Өркен» балалардың  
әл-ауқатын арттыру  
ұлттық ғылыми-практикалық  
институты,  
Алматы қ.

**С. Е. Башкаева,**

психолог, специалист отдела  
взаимодействия с обществом и медиа,  
Национальный научно-практический  
институт благополучия  
детей «Өркен»,  
г. Алматы

**«Иә / Жоқ» ойыны** – 8 бен 12 жас аралығындағы балаларға арналған қарапайым әрі қызықты логикалық ойын. Бұл ойынға арнайы құрал-жабдық қажет емес, сондықтан оны үйде, мектепте немесе жолда ойнауға болады.

**Ойын ережесі өте жеңіл:** бір ойыншы затты, кейіпкерді немесе құбылысты ойлап табады. Қалған ойыншылар оны табу үшін сұрақтар қояды. Сұрақтарға тек «Иә» немесе «Жоқ» деп жауап беріледі.

Бұл ойын балалардың ойлау қабілетін дамытып, логикалық сұрақ қоюға және дұрыс шешім қабылдауға үйретеді.

**Игра «Да / Нет»** – это простая и увлекательная логическая забава для детей от 8 до 12 лет. Она не требует специального инвентаря и подходит для любых условий: дома, в школе и даже в дороге.

**Правила игры просты:** один из участников загадывает предмет, персонаж или явление, а остальные пытаются угадать задуманное, задавая вопросы, на которые можно ответить только «Да» или «Нет».

Это отличная тренировка для развития аналитического мышления, умения формулировать вопросы и делать логические выводы.

Форматты	Ерекшелігі	Дағыдалары
Уақытқа	Ойыншыларға 3–5 минут беріледі	Жылдам шешім қабылдау
Топтық	Топ болып ойнайды	Топта жұмыс істеу
Қосымша көмек	Ойыншы қосымша сұрақтар қоя алады	Дедукцияны қолдану

Формат	Особенности	Навыки
На время	Участникам дается 3–5 мин. на отгадку	Быстрое принятие решений
Командный	Играют группами	Развитие работы в команде
С подсказками	Игрок может давать дополнительные подсказки	Умение использовать дедукцию

Ойын сұрақтарды кезең-кезеңімен қояды үйретеді: алдымен жалпы сұрақтар (мысалы: «Бұл тірі жан ба?»), кейін біртіндеп нақтырақ сұрақтарға көшу арқылы мүмкін болатын жауаптардың аясын тарылтады. Осы арқылы ойыншының нақты сұрақ құрастыру және жауаптарды талдау қабілеті дамиды.

*Ойын сыни ойлауды, талдау қабілеттерін дамытады, сұрақтар қою арқылы мүмкін болатын жауаптардың санын тиімді қысқартып, логикалық тұрғыдан дұрыс шешім табуға үйретеді.*

**Логика және талдау тапсырмалары**

**Жоғалған қарындаш.** Ересектерден қарындашты жасыруды сұраңыз. Сіздің міндетіңіз – оны табу, сұрақтар қойып, ақпарат жинап және логикалық ойлауды пайдалану.

**Лабиринт.** Лабиринттен шығу жолын табыңыз, маршрутты жоспарлап және кедергілерден қашыңыз.


Игра учит задавать вопросы поэтапно: от общих (например: «Это живое существо?») до более конкретных, чтобы постепенно сузить круг возможных ответов. При этом развивается способность формулировать четкие вопросы и анализировать ответы.



*Игра помогает развивать критическое мышление, аналитические способности, учит логически находить ответы, задавая вопросы, которые эффективно сокращают количество возможных вариантов.*


**Задачи на логику и анализ**

**Пропавший карандаш.** Попросите взрослых спрятать карандаш. Ваша задача – найти его, задавая вопросы, собирая информацию и используя логическое мышление.

**Лабиринт.** Найдите выход из лабиринта, планируя маршрут и избегая препятствий.







**Алгоритм.** Шынайы өмірдегі тапсырманы шешу алгоритмі. Мысалы, достармен серуенге шығу:

1. Ата-анаңыздан рұқсат сұрау.
2. Достарыңыздың серуенге шығатынын білу.
3. Серуенге ыңғайлы киімді таңдау.
4. Қажетті заттарды алу (су, жеңіл ас, доп және т.б.).
5. Ауа райына сәйкес киіну.
6. Үйден шығып, достарыңызбен кездесу.

**Алгоритм.** Создайте алгоритм для решения задачи из реальной жизни. Например, выйти погулять с друзьями.

1. Спросить разрешение у родителей.
2. Узнать, выйдут ли друзья на прогулку.
3. Выбрать подходящую для прогулки одежду.
4. Взять с собой нужные вещи (воду, перекус, мяч, скакалку и т. д.).
5. Одеться по погоде.
6. Выйти из дома и встретиться с друзьями.



### АТА-АНАЛАРҒА АРНАЛҒАН ПСИХОТЕРАПИЯЛЫҚ ТӘЖІРИБЕЛЕР

*Сізді жиі жағымсыз ойлар, уайым мен естеліктер мазалай ма? Олар сізге жұмыс істеуге, қарым-қатынас жасауға, отбасыға көңіл бөлуге немесе сүйікті ісіңізбен айналысуға кедергі келтіре ме?*

### ПСИХОТЕРАПЕВТИЧЕСКИЕ ПРАКТИКИ ДЛЯ РОДИТЕЛЕЙ

*Часто вы сталкиваетесь с неприятными мыслями, переживаниями или воспоминаниями, которые мешают вам работать, общаться, заниматься семьей, любимым делом?*

## ЖАНАШЫРЛЫҚ ТӘЖІРИБЕСІ

Жағымсыз сезімдерге, ойларға немесе естеліктерге тап болған сайын, өзіңізді қолдап көріңіз.

**ҚОЛ ТИГІЗУ** — өзіңізге деген мейірімділікті дамыту тәсілі. Біз қолымызды балаға тигізіп жұбатамыз, сүйіктімізге махаббатымызды білдіреміз, досымызға жалғыз емес екенін сезіндіреміз. Сол сияқты, өзіңізге тигізген әрбір жанасу арқылы өзін-өзі аяушылық пен мейірімділікті оятуға болады:

1. Екі қолыңызды жүрегіңіздің үстіне қойып, оның қалай соғып тұрғанын сезіңіз.
2. Бір қолыңызды ішіңізге қойып, екінші қолыңызды жүрегіңізде қалдырыңыз. Терең әрі баяу тыныс алыңыз.
3. Қолыңызды бетіңізге қойып, сүйікті адамыңызға жасағандай, жүзіңізді аялап ұстаңыз.
4. Жаныңыз ауыратын немесе мазасыздық сезінетін жерге қолыңызды қойыңыз. Бар жылуыңызды, қамқорлығыңызды, қолдауыңызды сол жерге бағыттаңыз. Қолдың жылуы денеңізге тарағанын сезіңіз. Сол жер арқылы тыныс алып, әрбір дем шығарғанда махаббат толқыны бүкіл денеңізге жайылып жатқанын байқаңыз. Жылынып, тынышталыңыз.

Өзіңіздің сүйіспеншілікке толы мейірімді бөлігіңізді тыңдаңыз. Ол сізге қандай қолдау сөздерін айтқысы келеді? Қалай дем бергісі келеді?

Оны дауыстап айтыңыз, қол қимылымен, жанасумен, құшақтаумен бекітіңіз.

## ПРАКТИКА СОСТРАДАНИЯ

Пробуйте поддерживать себя всякий раз, когда вы сталкиваетесь с неприятными переживаниями, мыслями или воспоминаниями.

**ПРИКОСНОВЕНИЕ** — это способ развития сострадания к себе. Мы используем прикосновения, чтобы успокоить ребенка, выразить любовь нашему партнеру и дать понять нашему другу, что он не одинок. И вы можете активировать самосострадание через любящее прикосновение к себе:

1. Положите обе руки на сердце и почувствуйте, как оно бьется.
2. Переместите одну руку на живот, оставляя вторую руку на сердце. Дышите глубоко и медленно.
3. Положите руки на щеки и обхватите ими лицо так, как вы это сделали бы с человеком, которого любите.
4. Положите руки на то место, где вы испытываете душевную боль или переживания, и направьте туда все свое тепло, заботу, поддержку, почувствуйте, как тепло рук проникает вглубь вашего тела, дышите через это место, и заметьте, как на выдохе волна любви распространяется по вашему телу от ваших рук. Дышите. Наблюдайте, как распространяется волна. Согревайтесь.

Прислушайтесь к своей любящей сострадательной части. Какие слова поддержки она хочет сказать вам? Как вас поддержать?

Проговорите вслух и подкрепите жестами, прикосновениями, объятиями.

*Негативті ойлар мен уайымдарды сезіну – қалыпты жағдай. Мұндай сәттерде өзіңізге дұрыс қолдау көрсету өте маңызды!*

*Чувствовать негативные мысли и переживания – абсолютно нормально. Важно оказывать себе правильную поддержку в такие моменты!*

Көбінесе біздің ішімізде сыншы бар, ол бізді тежеп, өсуімізге кедергі жасайды. Ішкі сыншы бала кезден қалыптасады – бұл ата-анамен және маңызды ересектермен қарым-қатынастың, олардың сыны мен бағасының ықпалынан пайда болған дауыс. Бала бұл сөздерді өзіндік шындық ретінде қабылдап, уақыт өте келе ішкі сыншы тұлғаның бір бөлігіне айналады да, төмен өзін-өзі бағалау мен өзін-өзі қабылдауды қалыптастырады.

Также часто внутри нас сидит критик, который тормозит нас и останавливает наш рост. Внутренний критик приходит из детства – это голос, который формируется под влиянием отношений с родителями и значимыми взрослыми, их критики и оценок. Ребенок впитывает эти слова как истину о себе, и постепенно внутренний критик становится частью личности, формируя заниженную самооценку и самоотношение.

Бастапқыда ішкі сыншы адамның сәтсіздіктер мен қауіп-қатерден қорғануына, табысты әрі қабылданған болуына көмектесу үшін пайда болады. Алайда уақыт өте келе ол шамадан тыс қатал болып, шындықты бұрмалауы мүмкін. Бұл адамды өзін теріс қырынан көруге мәжбүрлейді және оның дамуын шектейді.

Ішкі сыншымен жұмыс істеу маңызды, себебі ол адамның өзін-өзі бағалауына, шешім қабылдауына және өзіне деген сеніміне қатты әсер етеді. Шамадан тыс сын жеке дамуды баяулатып, қателіктерден қорқу сезімін тудыруы мүмкін.

Изначально внутренний критик существует, чтобы защищать человека от неудач и опасностей, помогать быть успешным и принятым. Однако со временем он может стать чрезмерно строгим, искажая реальность, заставляя человека видеть себя в негативном свете и ограничивая его развитие.

С внутренним критиком важно работать, потому что он сильно влияет на самооценку, принятие решений и уверенность в себе. Чрезмерная критика способна замедлять личный рост и вызывать страх перед ошибками.

*Ішкі сыншымен жұмыс істеу оның дауысын танып, онымен ішкі диалог жүргізуді және оның энергиясын конструктивті арнаға бағыттауды қамтиды. Бұл сау өзін-өзі сынауды дамытуға көмектеседі, ол қателіктерден сақтап, шынайы мақсаттар қоюға үйретеді және ішкі сенімділікті бұзбайды.*

*Работа с критиком состоит в том, чтобы распознавать его голос, вести с ним внутренний диалог и учиться направлять его энергию в конструктивное русло. Это помогает развить здоровую самокритику, которая удерживает от ошибок и помогает ставить реалистичные цели, не разрушая внутреннюю уверенность.*

## Ішкі сыншымен жұмыс істеу техникасы

## Техника для работы с внутренним критиком

### ІШКІ СЫНШЫ БЕЙНЕСІМЕН ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ

Бұл тәжірибе үшін сізге пластилин немесе сурет салу құралдары қажет: қарындаштар, өшіргіш, А4 қағаз.

#### Қадамдар:

- Көзіңізді жұмып, ішкі сыншыңыздың бейнесін елестетіңіз.
- Сол бейнені пластилиннен жасап көріңіз немесе қағазға сурет салыңыз.

#### Диалог техникасы:

Бұл әдіс сыншының дауысын өз болмысыңыздан бөлуге және оның ниетін түсінуге көмектеседі.

#### Сұрақтар қойыңыз:

- «Неге сен мұны айтып тұрсың?»
- «Не нәрсеге қол жеткізгің келеді?»
- «Сенің сөздеріңнің артында қандай қажеттілік бар?»
- «Қандай қауіпті болдырмауға тырысасың?»

#### Мағынасы:

Көбіне ішкі сыншы ерте алған жақаттардан туған ауыр сезімдерді қайта бастан кешірмеу үшін «қорғауға» тырысады.

### ПРАКТИКА — НА ВЫБОР ПЛАСТИЛИН ИЛИ РИСУНОК

Необходимы пластилин или карандаши, ластик, листы А4

Закройте глаза, представьте образ вашего внутреннего критика — создайте его в пластилине или нарисуйте на бумаге.

#### Диалог с критиком:

Техника диалога с критиком позволяет отделить его голос от собственной идентичности и понять его намерения.

#### Задавайте критику вопросы:

- «Зачем ты это говоришь?»
- «Чего ты пытаешься добиться?»
- «Какая потребность стоит за твоими словами?»
- «Какую опасность ты пытаешься предотвратить?»

Часто оказывается, что критик пытается «защитить» от повторного переживания боли, связанной с ранними травмами.

### ПСИХОТЕРАПИЯЛЫҚ ТӘЖІРИБЕЛЕР ПЕДАГОГТЕРГЕ АРНАЛҒАН

Ақпарат беруге арналған техника  
Когнитивті карталар

**Интеллект-карта, менталды карта** немесе **mind-map (майнд-карта)** – бұл деректерді визуализациялау әдісі, ақпаратты құрылымдауға және оның бөліктері арасындағы байланыстарды табуға көмектесетін құрал. Ол диаграмма немесе схемаға ұқсайды: орталық идеядан тармақтар шығып, ми қызметінің ассоциативті әрекетін бейнелейді.

**Майнд-карта әдісінің мәні?** Интеллект-карта үш негізгі элементтен тұрады

1. **Ядро (орталық блок)** – интеллект-картаны құру осы негізгі компоненттен басталады.

2. **Тармақтар** – орталық блоктан шығатын сызықтар, оларды басқа блоктармен (қосымша тақырыптармен) байланыстырады.

3. **Қалған блоктар** – негізгі сөздер, идеялар, суреттер, бейнелер. Олар орталық блокты ашуға көмектесіп, ассоциативті байланыстарды іске қосады және картаның негізгі идеясын дамытады.

**Mind-map** ойларды сызықтық емес түрде бекітуге мүмкіндік береді, бұл әсіресе шығармашылық процестерде пайдалы. Мысалы, маркетинг саласында мұндай карта негізгі детальдарды жоғалтпай, стратегияны тез құруға көмектеседі.

### ПСИХОТЕРАПЕВТИЧЕСКИЕ ПРАКТИКИ ДЛЯ ПЕДАГОГОВ

Техника для предоставления  
информации

Когнитивные карты

**Интеллект-карта, ментальная карта** или **mind-map (майнд-карта)** – это метод визуализации данных, инструмент, который помогает структурировать информацию и находить взаимосвязи между ее частями. Это как диаграмма или схема, где центральная идея разветвляется на подтемы, отражая ассоциативную деятельность мозга.


**В чем суть метода майнд-карт?** Интеллект-карта состоит из трех базовых элементов.

1. **Ядро, или центральный блок** – основной компонент, с которого начинается создание интеллект-карты.

2. **Ветви** – линии, которые выходят из центрального блока и связывают его с другими блоками (подтемами).

3. **Остальные блоки** – это ключевые слова, идеи, картинки, образы. Они помогают раскрыть центральный блок, запуская ассоциативные связи, разрабатывающие основную идею из ядра карты.

**Mind-map** позволяет фиксировать мысли нелинейно, что особенно полезно в творческих процессах. Например, в маркетинге такая карта помогает быстро набросать стратегию, не теряя ключевых деталей.



### Интеллект-карталардың түрлері.

Интеллект-карталар құрылымы мен мақсатына қарай бірнеше түрге бөлінеді:

- *Радиалды* – классикалық түрі, орталықтан шыққан тармақтармен құрылады. Ми шабуылына (brainstorming) өте қолайлы.
- *Иерархиялық* – деңгейлерге бөлінген, жобаларды жоспарлауға ыңғайлы.
- *Ағынды (потокосып)* – сызықтық құрылымда, тармақталу элементтері ибар. Үдерістерді сипаттауға қолданылады.
- *Гибридті* – әртүрлі элементтерді біріктіреді, көбіне жасанды интеллект (AI) көмегімен автоматтандыруға пайдаланылады.

Әрбір түрі нақты тапсырмаға байланысты таңдалады, осылайша деректерді барынша тиімді көрсетуге мүмкіндік береді.

### Майнд-картамен қалай жұмыс істеу керек?

- ✓ Негізгі блоқты орналастыру – картаға басты идеяны, концепцияны, тақырыпты немесе мәселені енгізу.
- ✓ Қосымша блоктарды құру – негізгі блоктың айналасына онымен байланысты идеяларды орналастыру.
- ✓ Тармақтарды дамыту – осы блоктардан басқа идеяларға бағытталған тармақтар шығару.
- ✓ Қорытынды нәтиже – үлкен шешімдер ағашы немесе менталды карта пайда болады.

**Виды интеллект-карт** различаются по структуре и назначению.

- *Радиальные*: классические, с центром и ветвями, идеальны для мозгового штурма.
- *Иерархические*: с уровнями подчинения, подходят для планирования проектов.
- *Потоковые*: линейные с элементами ветвления для описания процессов.
- *Гибридные*: сочетают элементы, часто с использованием AI, для автоматизации.


Каждый вид выбирается в зависимости от задачи, чтобы максимально эффективно представить данные.




### Как работать с майнд-картой?

- ✓ На карту помещают главный блок, где фиксируется основная идея, концепция, тема или проблема.
- ✓ Вокруг главного блока выстраивают другие блоки с идеями, которые связаны с ним.
- ✓ От этих блоков идут ответвления к другим блокам с идеями и т. д.
- ✓ В итоге получается большое дерево решений или ментальная карта.





**Майнд-карта** – идеяларды генерациялауға арналған құрал. Оның көмегімен ойлау процесін визуализациялау, кез келген деректерді құрылымдау ыңғайлы – күнделікті істер тізімінен бастап бизнес-жоспарға дейін. Мәселен, маркетингтік стратегияны жасау үшін бос менталды картаны ашып, жоспарларды талқылау барысында оны блоктармен толтыруға болады.



**Майнд-карта** – инструмент генерации идей, с помощью которого удобно визуализировать процесс мышления, структурировать любые данные – от списка дел на день до бизнес-плана. Например, для создания маркетинговой стратегии можно открыть пустую ментальную карту и заполнять ее блоками по мере обсуждения планов.

Майнд-карта құру үшін орталық идеяны парақтың ортасына орналастыру керек, содан кейін одан негізгі тармақтарды (кілтті тақырып-тарды) сызып, әрбір тармақты дамыта отырып, қосымша тақырыптар, негізгі сөздер және суреттер қосу қажет.

Маңыздысы – әртүрлі түстерді пайдалану, элементтерді сызықтармен байланыстыру және парақты жақсырақ визуализация үшін көлденең орналастыру.

#### **Майнд-карта құру қадамдары**

1. *Негізгі тақырыпты анықтаңыз.* Парақтың ортасына негізгі сөзді жазыңыз немесе картаңызды өзегін бейнелейтін сурет салыңыз.
2. *Негізгі тармақтарды жасаңыз.* Орталықтан қалың әрі иілген сызықтар жүргізіңіз. Әрбір тармақ орталық идеямен байланысты ірі қосымша тақырыпты білдіруі тиіс.
3. *Тармақтарды көбейтіңіз.* Екінші және кейінгі деңгейдегі қосымша тармақтарды сызып, ұсақ детальдар, қосымша тақырыптар және негізгі сөздер қосыңыз. Әр сызыққа бір ғана негізгі сөзді пайдаланыңыз.
4. *Визуалды элементтерді қолданыңыз.*
  - Түстер. Әр тармақты әртүрлі түспен белгілеңіз, бұл картаның құрылымын айқын әрі оқылымды етеді.
  - Суреттер мен белгілер. Ақпаратты жақсы есте сақтауға және ассоциациялар тудыруға көмектесетін суреттер, таңбалар мен символдар қосыңыз.
5. *Элементтерді байланыстырыңыз.* Идеяларды сызықтармен қосып, олардың арасындағы байланыстарды көрсетіңіз. Бағытты белгілеу үшін жебелерді қолдануға болады.
6. *Қиындатпаңыз.* Маңызды ұғымдарды орталыққа жақын орналастырыңыз, ал ұсақ детальдарды шеткі аймаққа шығарыңыз.
7. *Қарапайым ұстаңыз.* Картаны артық ақпаратпен толтырмауға тырысыңыз. Күрделі тақырыптар үшін бөлек карталар жасаған жөн.

Чтобы составить майнд-карту, нужно поместить центральную идею в центр листа, затем нарисовать от нее основные ветви (ключевые темы) и далее развивать каждую ветвь, добавляя подтемы, ключевые слова и рисунки.

Важно использовать разные цвета, соединять элементы линиями и располагать лист горизонтально для лучшей визуализации.

#### **Шаги по составлению майнд-карты**

1. *Определите центральную тему.* В центре листа напишите ключевое слово или нарисуйте основной образ, который является ядром вашей карты.
2. *Создайте основные ветви.* От центральной идеи нарисуйте толстые, изогнутые ветви. Каждая ветвь должна представлять крупную подтему, связанную с центральной идеей.
3. *Развивайте ветви.* Нарисуйте подветви второго и последующих уровней, добавляя более мелкие детали, подтемы и ключевые слова. Используйте по одному ключевому слову на каждую линию.
4. *Используйте визуальные элементы.*
  - Цвета. Выделяйте разные ветви разными цветами, чтобы улучшить структуру и читаемость карты.
  - Изображения и символы. Добавляйте рисунки, значки и символы, которые помогут лучше запомнить информацию и запустить ассоциации.
5. *Соединяйте элементы.* Соединяйте идеи линиями, чтобы показать взаимосвязи между ними. Можно использовать стрелки для обозначения направления.
6. *Соблюдайте иерархию.* Располагайте более важные понятия ближе к центру, а детали – на периферии.
7. *Не усложняйте.* Старайтесь не перегружать карту лишней информацией. Для более сложных тем создавайте отдельные карты.

**«Мен және көлеңке» әдістемесі** күрделі баланың мінез-құлқын немесе мотивтер мен реакцияларды түсіну маңызды болатын жағдайды талдау үшін қолданылады. Ол балалармен қақтығыстар мен буллинг жағдайларында жұмыс істеуге бейімделген.

**Негізгі мақсат:** қалыптасқан жағдайды түсіндіруге ықпал ететін сыртқы және ішкі жағдайларды жасау; мақсатқа жету, тығырықтан шығу, мотивация мен шабыт алу үшін айқын және жасырын ресурстарды анықтау; баланың мінез-құлқының шынайы мотивтерін түсіну мүмкіндігін қамтамасыз ету.

**Ресурсы:** А5, А4 форматындағы 2 парақ, қарындаштар, фломастерлер.

- Мен – бұл біз қабылдайтын, мойындайтын және белсенді түрде көрсететін бөлігі немесе жағдайға қатысты көрсететін қатынасымыз. Буллинг жағдайында бұл бала ашық түрде жауап беретін және көрсететін нәрсе.
- **Көлеңке** – біздің «Меніміздің» қабылданбайтын, бейсаналық бөлігі, көбіне біз білмейтін қыры. Буллинг жағдайында бұл – агрессордың шынайы мотиві және жәбірленушінің шынайы күйін түсіну.

Психолог-консультант немесе педагог баладан оған жағымды эмоциялар тудыратын шынайы немесе ойдан шығарылған кейіпкерді ойлауды сұрайды. Бала кейіпкерді салғаннан кейін ол психологпен/педагогпен бірге суретті зерттеп, кейіпкердің бет-әлпетіне, киіміне, түстеріне назар аударады, содан соң осы кейіпкерге тән 5 қасиетті жазады. Кейін бала жазылған қасиеттерге қарама-қарсы 5 антоним ойлап тауып, солардың көмегімен бастапқы кейіпкерге антагонист ойлап шығарады және оны суретке салады. Одан кейін ересектермен бірге бала екінші кейіпкердің суретін, түстерін, көңіл-күйін талдап, оны бірінші кейіпкермен салыстырады, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтайды.

Суреттермен жұмыс аяқталғаннан кейін педагог балаға екі кейіпкердің де оның өз «бөліктері» екенін түсіндіреді: біреуі – мен, ал екіншісі – көлеңке.

Бұл техниканы орындау барысында баланың айтқанын мұқият тыңдау өте маңызды.

**Методика «Персона и тень»** для анализа поведения сложного ребенка или ситуации, где важно разобратся в мотивах и реакциях. Адаптирована для работы с детьми в ситуациях конфликтов и буллинга.

**Основная цель:** создание внешних и внутренних условий, которые бы способствовали разъяснению сложившейся ситуации; выявление явных и скрытых ресурсов для достижения цели, выхода из тупика, получения мотивации и вдохновения; возможность понять истинные мотивы поведения ребенка.

**Ресурсы:** 2 листа бумаги формата А5, А4, карандаши, фломастеры.

- **Персона** – часть нашего Я, которую мы осознаем, признаем и активно демонстрируем, или отношение к ситуации, которое мы показываем. В ситуации буллинга это то, на что ребенок будет открыто отвечать и демонстрировать.
- **Тень** – не принимаемая, неосознаваемая часть нашего Я, о которой мы чаще всего не подозреваем. Истинный мотив агрессора в ситуации буллинга. Понимание истинного состояния жертвы травли.

Психолог-консультант или педагог просит ребенка подумать о реальном или вымышленном персонаже, который вызывает у него позитивные эмоции. После того как ребенок нарисовал персонаж, он вместе с психологом / педагогом изучает свой рисунок, обращает внимание на выражение лица, одежду, цвета персонажа, после чего дописывает 5 качеств, присущих данному персонажу. Далее ребенок придумывает 5 антонимов к ранее написанным качествам, с помощью которых придумывает антагониста первоначальному персонажу и рисует его. Затем вместе со взрослыми он анализирует рисунок, цвета, настроение второго персонажа, сравнивает его с первым, выявляя сходство и различие.

После окончания работы над рисунками педагог рассказывает ребенку, что оба персонажа – это его собственные «части»: одна – персона, а другая – тень.

При выполнении техники важно внимательно слушать, что говорит ребенок.

### Рефлексия


#### Сұрақтар

- Суреттелген кейіпкерлер шын-найы өмірде кездесе, қалай араласар еді?
- Олар бір-біріне нені үйрете алар еді?
- Бүгін сен үшін не қызықты және пайдалы болды?
- Өзің үшін қандай жаңалық аштың?
- Қазір өзінді қалай сезініп тұрсың?
- Кездесу басындағы күйің мен қазіргі күйіңде айырмашылық бар ма?
- Жағдайды жақсарту үшін біз не істей аламыз және не істеуіміз керек?

### Рефлексия

#### Вопросы

- Как бы взаимодействовали нарисованные персонажи, если бы встретились в реальной жизни?
- Чему они могли бы научить друг друга?
- Что сегодня было для тебя интересно и полезно?
- Что ты открыл в себе и для себя?
- Как ты себя чувствуешь?
- Есть ли разница в твоём состоянии в начале встречи и сейчас?
- Что мы можем и должны сделать, чтобы изменить ситуацию к лучшему?





**ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ /  
НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ  
БАС РЕДАКТОР / ГЛАВНЫЙ  
РЕДАКТОР** Е. Н. Сакенова

**РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС /  
РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ**

И. М. Самсаев  
Р. Ф. Кудякова  
Г. К. Калиева  
И. В. Калачева  
Б. К. Кудышева  
М. К. Таипова  
А. М. Саликова  
Г. Б. Омарова

**ДИЗАЙН ЖӘНЕ БЕТТЕУ /  
ДИЗАЙН И ВЕРСТКА**

А. М. Саликова  
А.Р. Айтахунов  
Фото freerip.com

**РЕДАКТОР-КОРРЕКТОР**

Е. М. Песина  
С. Е. Нурахметова

**РЕДАКЦИЯ МЕКЕН-ЖАЙЫ:**

Қазақстан Республикасы, Z05X4M9,  
Алматы қ., Медеу ауданы, Митина  
көшесі, 6 үй  
«ӨРКЕН» балалардың әл-ауқатын  
арттыру ұлттық ғылыми-практикалық  
институты» КеАҚ

**АДРЕС РЕДАКЦИИ:**

Республика Казахстан, Z05X4M9,  
г. Алматы, Медеуский район,  
ул. Митина, д. 6  
НАО «Национальный научно-  
практический институт благополучия  
детей «ӨРКЕН»

**ЖУРНАЛДЫҢ МЕНШІК ИЕСІ**

«ӨРКЕН» балалардың әл-ауқатын  
арттыру ұлттық ғылыми-практикалық  
институты» КеАҚ

**СОБСТВЕННИК ЖУРНАЛА**

НАО «Национальный научно-  
практический институт благополучия  
детей «ӨРКЕН»

**ЖУРНАЛ ШЫҒАРЫЛЫМЫНЫҢ  
ЖИІЛІГІ**

Ай сайын

**ПЕРИОДИЧНОСТЬ ВЫПУСКА  
ЖУРНАЛА**

Ежемесячный

Қазақстан Республикасы Мәдениет  
және ақпарат министрлігі Ақпарат  
комитетінің 2024 жылғы 15 наурызда  
берген № KZ52VPY00089109 тіркеу  
қуәлігі

Регистрационное свидетельство  
№ KZ52VPY00089109 от 15 марта  
2024 года выдано Комитетом  
информации Министерства культуры  
и информации Республики Казахстан.

Деректердің дәлдігі мен ақпараттың  
сенімділігі үшін материал авторлары  
жауапты.

За точность фактов и достоверность  
информации ответственность несут  
авторы материалов.